Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

К.З.Елшибаева, А.А.Қасымбек, Г.Т.Кажиева,
Ф.Н.Сулейменова, П.Т.Ізімова

# ЖАҺАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

## Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сынып мұғалімдеріне арналған нұсқаулық

# 5

baspasy
arman-pv

АРМАН-ПВ баспасы

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26
Ж26

Елшибаева К.З., ж.б
Ж26 **Жаһандық құзыреттер:** негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық. / Елшибаева К.З., Қасымбек А.А., Кажиева Г.Т., Сулейменова Ф.Н., Ізімова П.Т. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2024. – 60 бет.

ISBN 978-601-201-213-2

«Жаһандық құзыреттер» пәнінен 5-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулықта пән мазмұны бойынша ұсынылған тапсырмалар, тақырыптық жоспар үлгісі, қысқамерзімді сабақ үлгілері мен әдістемелік ұсынымдар берілген.

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26

© Елшибаева К.З.
Қасымбек А.А.
Кажиева Г.Т.
Сулейменова Ф.Н.
Ізімова П.Т., 2024
© «Arman-PV baspasy», 2024

ISBN 978-601-201-213-2

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

АРМАН-ПВ баспасы

# АЛҒЫ СӨЗ

**Құрметті әріптес!**

Жаһандық құзыреттер – пәндік мазмұны, құндылық негізі бар және әмбебап дағдыларды қалыптастыруға бағытталған құндылықтар компоненті. Жаһандық құзыреттер пәні оқушының танымдық өрісін кеңейтіп, білім деңгейін арттырады. Оқушы өзекті мәселелерді шешу үшін кез келген пәндік білім көздерінің негізгі идеяларын, әдістерін өз тәжірибесінде қолданады. Бұл пәнді оқу барысында оқушы өзекті мәселені анықтау, зерттеу, тиімді жұмыс бағыттарын ұйымдастыру және білімін өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастырады.

Жаһандық құзырет – жаһандық маңызы бар мәселелерді түсіну және әрекет ету қабілеті мен бейімділігі. Түрлі оқытушылар, ғалымдар, мемлекеттік органдар және құқық қорғау топтары ұсынып келе жатқан жаһандық құзыреттілік анықтамаларын енді біз де талдап, қолданамыз. Оларға мәдениетаралық білім беру, жаһандық азаматтықты тәрбиелеу, терең білім беру, әлеуметтік және эмоционалды оқыту сияқты ұғымдар кіруі оқушылардың бетпе-бет және сәтті қарым-қатынас жасауда қажет болатын өлшемдерді білуі мен қолдануына ықпал етеді әрі құзыреттілік дағдылардың қалыптасуы маңызды мәселелерді зерттеу және шешу үшін зор мүмкіндік көзі болып табылады.

Өмірде орын алған оқиға, туындаған жағдаяттарға қарай икемділік дағдыларын (soft skills) қалыптастыру аса маңызды. Бұған сыни тұрғыдан ойлау, мәселені шешу, дәлел келтіру; ғылыми-зерттеу дағдылары мен әдістері, шығармашылық, қиял, инновация, тұрақтылық, өзін-өзі басқару, жоспарлау, қарым-қатынас, жұрт алдында сөйлеу және презентация жасау, тыңдау, көшбасшылық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет сауаттылық, деректерді түсіндіру және талдау қарым-қабілеттері жатады. Сабақ барысында түрлі әдіс, техника, тәсілдерді қолдана отырып, дағдыларды дамыту қарастырылады.

Қарым-қатынас, тіл табысу (коммуникация). «Келіссөздер жүргізу» және «ортақ тіл табуға» қабілеттілік, әңгімелесушінің мәртебесі мен рөліне сәйкес қарым-қатынас жасау, әңгімелесушімен «байланыс нүктелерін» таба білу, ауызша келісімдер мен шарттар жасау және т.б.

Ақпаратты өңдеу, қолдану. Ақпаратты жинау, онымен жұмыс істеу: нақты сұрақтар қою, ақпаратты жазу, оны түсінікті түрде ұсыну және бұрмалаусыз және кемшіліктерсіз қолдана білу.

Сезіммен түйсіну (эмоциялық интеллект). «Жоғары EQ» – эмоцияларды тану, оларды ажырата білу, қажет кезде эмоцияны білдіру; өзінің және басқалардың эмоцияларын реттеу; эмоцияны уақытында байқау және пайдалану қабілеті, мысалы, жаңа нәрсе ойлап табу немесе жоспарлаумен айналысуға, яғни өз міндеттерін орындау үшін эмоцияларды қолдануға мүмкіндік береді.

Дәлел-дәйекпен сөйлеу (аргументация). Пікір, көзқарасты тұжырымдай білу, оны нақты, сенімді түрде айту, өз пікірін қорғау, «иә» және «қарсымын» деген пікірлерге айқын дәлелдер келтіру. Бұл сыни тұрғыдан ойлауды қажет етеді.

Қызығу және ынталану. Қызығу – шығармашылық пен ізденіс бастауы. Адамдардың ынталы түрде ден қойып жұмыс істеуіне ықпал ету үшін олардың ойын және ниетін түсіну, олардың жеке құндылықтарын зерттеу орынды. Білімді қолдану дағдысын зерделеп, дамыту маңызды.

Білімді шешім табу көзі ретінде қолдану. Түрлі жағдаяттарда басқалардың көзқарастарын бағалау, өз пікірімен салыстыру, тиімді, шынайы, әділетті шешімдерді табуға дағдылану – кез келген салада және кез келген жұмыста маңызды әрекеттер қоры.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулыққа 5-сыныпқа сабақ беретін мұғалімдерге арналған әдістемелік және дидактикалық материалдар енгізілген. Сонымен қатар үлгі түрінде қысқа мерзімді сабақ жоспарлары ұсынылған.

Тәжірибелеріңіз үстеліп, нәтижелі табыстарға қол жеткізіңіз, аяулы әріптес!

АРМАН-ПВ баспасы

# САБАҚТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БӨЛІНІСІ

| Тақырыптар саны | Тақырыбы | Сағат саны |
|---|---|---|
| **6** | **Этика және әдеп** | **4** |
| 1 | Барлығы сәлемдесуден басталады. | 4 |
| 2 | Мен достарымның ортасындамын. Мен өз әрекеттерім үшін жауаптымын. Ата-анаға ризашылық білдіруді үйренеміз | |
| 3 | Дастарқан жаю. Дастарқан басындағы әдеп. | |
| 4 | Қоғамдық көлікте, театрда, кинотеатрда, мұражайда өзіңді қалай ұстау керек? | |
| **3** | **Азаматтық және патриотизм** | **2** |
| 1 | Отбасындағы өзара сыйластық | 2 |
| 2 | Өз Отанымды мақтан тұтамын! Түрлі көзқарас – біртұтас ұлт | |
| **6** | **Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық** | **4** |
| 1 | Әлеуметтік желі дегеніміз не? Әлеуметтік желідегі менің аккаунтым | 4 |
| 2 | Алғашқы ақша және олардың функциялары қалай пайда болды? Адам еңбегі қалай бағаланады? | |
| 3 | Отбасының кірістері мен шығыстары неден тұрады? | |
| 4 | Қалта ақшасын қалай басқаруға болады? | |
| **5** | **Өмір сүру қауіпсіздігі** | **4** |
| 1 | Үй, аула, мектептегі қауіпсіздік | 4 |
| 2 | Отпен ойнама! Менің қауіпсіздігім – менің қолымда | |
| 3 | Менің денсаулығым – менің қолымда | |
| 4 | Жолаушының көлікте өзін ұстау тәртібі | |
| **5** | **Экологиялық мәдениет** | **3** |
| 1 | Жер – біздің ортақ үйіміз. Менің айналамдағы әлем | 3 |
| 2 | Біз таза аулада тұрамыз | |
| 3 | Табиғаттағы іс-әрекет ережелері. Қауіпсіз демалыс | |
| **26** | **БАРЛЫҒЫ** | **17** |

Оқу жылындағы 34 аптаға 17 сағат есептелген. Біз берілген 26 тақырыптың барлығын қамтып, 17 сабаққа жинақтадық. Оның ішінде пән мұғалімінің (сабақты өткізудегі 25% өзгерту құқығы) өз таңдауы, тақырыптарды қамту, оқушыларға өз материалы мен тапсырмаларын ұсыну еркіндігі бар.

АРМАН-ПВ баспасы

# ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 1-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Этика және әдеп | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Барлығы сәлемдесуден басталады | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушыларға сәлемдесу әдебі туралы кеңінен түсінік беру;<br>сәлемдесудің мәні мен маңызын ұғындыру;<br>сәлемдесу мәдениетін меңгерту. | |

Сабақтың барысы

| Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Қызығушылықты ояту.**<br>**Психологиялық ахуал.**<br>Тақтаға үш сурет шығарылады (ілінеді)<br>**Суретпен жұмыс шарты:** адамдардың әртүрлі амандасу әрекетін түсіндіру. | Суреттердегі бейнелер мен іс-әрекеттерді түсіндіріп, сабақ тақырыбын анықтайды.<br>Оқушылар сәлемдесу арқылы адамдар арасында бір-біріне деген жылы қарым-қатынас орнайтынын айтады. | Ауызша кері байланыс беру. «Жақсы!», «Тамаша!»<br><br>**Дескриптор:**<br>– суреттерді негізге алады;<br>– сабақ тақырыбын анықтайды;<br>– сәлемдесудегі жылы қарым-қатынасты санамалап айтады. | Сәлемдесу тақырыбындағы иллюстрациялар |
| | **«Кел, ойланайық»** айдарымен жұмыс барысында мұғалім сәлемдесудің мәнін, түрлерін адам өміріндегі маңызын анықтауға бағдар береді. Сұрақтарға жауап беру барысында сабақ тақырыбын анықтауға мүмкіндік тудырады. | | | |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **1-тапсырма.**<br>Теориялық түсіндірме мәтінмен жұмыс жасатады:<br>**«Джигсо» әдісімен төртке бөлу,** теориялық мәтіннің шағын бөлімдерін топтарға белгілеп, бөліп береді.<br>1-топ. Сәлемдесу; 2-топ. Амандасу (2, 3 – азат жол);<br>3-топ. Амандасудың реті, тәртібі; 4-топ. Заманауи амандасу.<br><br>**2-тапсырма.**<br>«Маңызды ақпаратты» түйін сөздер арқылы меңгеру және есте сақтауға жағдай тудырады. «Бес жолды талдау» әдісімен «дәстүр» сөзіне талдау жасатады.<br><br>«Сәлем» сөзінің шығу және қолданылу себебін, дәстүрге айналуын және адамға көрсетілетін құрмет пен ізеттілік үлгісі екенін түсінуіне мүмкіндік беріп, әр топта жедел сұхбат сәттерін ұйымдастырады.<br><br>*Мұғалім уақытты тиімді пайдалану мақсатында «Аялдамалар» әдісімен топтарға тапсырмаларды бөледі.*<br><br>**«Талда» аялдамасында «Талда» тапсырмасын орындату ережелерін ұсынады:**<br>– Фильм туралы әңгімелесу;<br>– Сәлемдесу ерекшелігіне назар аудару, түсіндіру.<br><br>**«Өзіндік жұмыс» аялдамасына** жауапты топтың үш топқа үш тапсырманы орындатуына жетекшілік етеді.<br>1. Б. Момышұлының даналық нақыл сөзін негізге алып, «ПОПС» формуласымен жұмыс істету;<br>2. М.Темірғалиеваның «Сәлем» өлеңін талдап, түсіну;<br>3. Мұхтар Әуезовтің Абайға сәлем беруі туралы (QR code) ақпаратты зерделеу. | Топтар шағын мәтіндерін оқиды. Мәтіннен алған мәліметін келесі топтарға қонаққа бару арқылы түсіндіреді.<br><br>«Бес жолды талдау» әдісімен «дәстүр» сөзін талдайды.<br>1. Зат есім. Не? *Дәстүр.*<br>2. Сын есім. Қандай? *Ұлттық, маңызды.*<br>3. Етістік. Не істейді? *Тәрбиелейді, баулиды, үйретеді.*<br>4. Сөйлем. *Ұлттық дәстүр мәдениеттілікке тәрбиелейді.*<br>5. Синоним. *Салт.*<br><br>Әр топ өз аялдамасының тапсырмасымен танысып, өзге топтармен жұмыс істеуге дайындалады.<br><br>Топ мүшелері аялдамадағы тапсырмаларды орындауға белсене қатысады. Сәлемдесу әдебіне қатысты ойларды талдап, өз пікірлерін қорғайды.<br>1. Өз пікірлерін **«ПОПС формуласы»** әдісіне салып жазады.<br>2. **«Суретсөз»** әдісімен өлеңнің екі тармағын оқыған соң, қалған жолдарына ребус құрастыру тапсырмасын орындайды. | **Дескриптор:**<br>– топтар мәтін мазмұнын меңгереді;<br>– сәлемдесудің мәні мен маңызын анықтайды;<br>– дәстүрлі және заманауи түрлерін ажыратады.<br><br>**Дескриптор:**<br>– түйін сөздерді есте сақтайды;<br>– бес жолды талдау жасайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>– фильмдегі амандасу түрлерін анықтайды;<br>– ерекшелігін түсіндіріп береді.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Б. Момышұлының нақыл сөзінің мәнін түсінеді;<br>– Ойын жүйелі жазып жеткізеді. | Ақпараттық мәтін<br><br>Суреттер<br><br>«Бес жолды талдау» әдісіне арналған кесте<br><br>«Менің атым – Қожа» кітабы<br><br>**ПОПС** формуласы<br><br>QR code |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Тақырыбы: «Сәлем беру – танысып білісудің, достасудың дәнекері».<br>Бірінші сөйлем: Менің ойымша, *сәлем беру – танысып білісудің, достасудың дәнекері.*<br>Екінші сөйлем: Себебі, мен оны былай түсіндіремін…<br>Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын….».<br>Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім…».<br><br>**«Ойна да ойла»** аялдамасында «сәлемдесу тізбегін» жасай отырып, бүгінгі тақырып бойынша қызықты пікірлер алаңын ұйымдастырады. | <br><br>*Үлгі:*<br>Менің ойымша, сәлем беру – адам мәдениетінің айнасы;<br>Өйткені біз кез келген адамға көңіл бөліп, ізет көрсетеміз, әдептілік танытамыз;<br>Мысалы: арнайы сәлем берсең, үлкен кісілер риза болып, батасын береді. Сондықтан ол ұлттық мұра, ұлттық құндылық болып табылады.<br>3. **«Сиқырлы қаламсап» әдісімен** QR code-ті талдаған соң, өз пікірін жазуына мүмкіндік береді. | **Дескриптор:**<br>– Ребусты шешіп, сөйлемді оқиды;<br>– Өз тапсырмасын құрастыра алады.<br><br>**Дескриптор:**<br>– бір елдің тілінде сәлемдеседі, жазады.<br>– сол елдің сәлемдесу ерекшелігін түсіндіреді. | Ребус парақшасы<br><br>Кесте |
| Сабақтың соңы | **«Біліміңді тексер!»** айдарымен кері байланыс сәтін ұйымдастырады. | Сұрақтарға қатысты тұжырымды ой айтады. | Бүгінгі сабақ бойынша «Пікірлер топтамасы» парақшасын жасайды. | Пікірлер парақшасы |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 2-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Этика және әдеп | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |



АРМАН-ПВ баспасы

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Мен достарымның ортасындамын. Мен өз әрекеттерім үшін жауаптымын. Ата-анаға ризашылық білдіруді үйренеміз |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушыларға достық, жауапкершілік, ата-анаға құрмет көрсете білу туралы түсінік беру;<br>жауапкершіліктің маңызын түсіндіру.<br>ата-анаға ризашылық білдіру дағдыларын қалыптастыру. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Қызығушылықты ояту.**<br>Суретке қарап, өмірде орын алатын жағымсыз әдеттер туралы ойлануға, пікір айтуға жағдай тудырады.<br><br>«Кел, ойланайық!» айдарындағы сұрақтарға жауап негізінде сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады. | Сурет бойынша адам әрекеті, жағымсыз әдеттер туралы ойларын айтады.<br><br>Оқушылар жаңа тақырыпты анықтау мақсатында өз ойларын білдіреді. | Ауызша кері байланыс беру: «Жақсы!», «Тамаша!»<br><br>**Бағалау**<br>«Шапалақ»<br> | Суреттер.<br><br>Флипчарт, маркер. |
| Сабақтың ортасы | **1. Мозайка әдісімен оқушыларды 3 топқа бөліп, теориялық мәтінді талдап, түсіну ортасын құруға ықпал етеді.**<br>1. ДОСТЫҚ<br>2. ЖАУАПКЕРШІЛІК<br>3. РИЗАШЫЛЫҚ<br><br>**2. Тапсырмаларды орындау алгоритмін түсіндіреді:** зерттеу, талдау, тәжірибе, ой қорыту, кері байланыс.<br><br>**Зерттеу мен талдау жасау тапсырмасы**.<br>Маңызды ақпарат пен түйін сөздерді семантикалық картаға салу.<br>Берілген сөз ұғымдарының адам өміріндегі рөлін анықтау. | Теориялық мәтінді талдайды.<br><br>Оқушылар маңызды ақпарат пен түйін сөздерді семантикалық картаға салады. Ұғымдардың мәні мен маңызын анықтайды. | Достық белгісімен «Қол алысу» арқылы бағалау.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Шынайы достың әрекетін бағалай біледі;<br>– Өз әрекеттеріне жауапкершілікті түсінеді;<br>– Ата-ананың бала өміріндегі рөлін бағалап, ризашылық білдіреді. | Семантикалық карта.<br><br>Семантикалық карта. |

| Семантикалық карта | |
|---|---|
| **Маңызды ақпарат** | **Мақал, нақыл сөздер** |
| достық | |
| достық күші | |
| жауапкершілік | |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің оқыту әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **Тәжірибелік тапсырмалар. «**Жағдаяттық тапсырма», «Талда!», «Ойна да ойла!» тапсырмаларымен жұмыс.<br><br>Жағдаятқа қатысты жауап нұсқаларын қабылдау. Талдату, меңгерілген білімнің тәжірибедегі қажеттілігін анықтау.<br><br>**«Біліміңді тексер!»** айдары бойынша кері байланыс жасатады. | жауапкершілікті сезіну; ардақтау; үлкенді құрметтеу<br><br>Тәжірибелік парақшаны толтырады:<br>– Жағдаятқа қатысты жауап нұсқаларының тиімдісін таңдайды;<br>– Талдап, пікір алмасып, тәжірибедегі қажеттілігін анықтайды.<br><br>Кері байланыс жасап, игерілген білім туралы ой қорытады. | | Тәжірибелік парақша.<br><br>Құрақхат үлгісі.<br><br>Достық сызбасы. |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия**<br>«Қызық. Қиын. Құнды».<br>Бүгінгі сабақтың қызық, қиын, құнды болған тұстарын жазып, пікірлерін білдіруге мүмкіндік тудырады. | «Қызық. Қиын. Құнды».<br>Сабақ барысынды оқушы үшін қызық, қиын, құнды болған тұстарын жазып, ой қорытындылайды. | Пікір парашасын толтырады. | Пікір парақшасы. |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 3-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Этика және әдеп | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Дастарқан жаю және дастарқан басындағы әдеп. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Дастарқан жаю қағидаларымен таныстыру.<br>Дастарқан басында өзін дұрыс ұстап, дастарқан мәдениетін сақтауға тәрбиелеу. | |



АРМАН-ПВ баспасы

**Сабақтың барысы**

| Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің оқыту іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу. Көтеріңкі көңіл күй орнату үшін «Ізгілік шары» әдісін қолданып, сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастырады.<br>**«Отбасы», «Мереке», «Қонақ» болып топтасады.**<br><br>**«Түйін сөздерді»** негізге ала отырып, **«Кел, ойланайық!»** айдарымен сұрақтарды үш топқа бөліп, жұмыс жасатады.<br>1. Дастарқан неліктен қасиетті орын деп саналады?<br>2. Дастарқан әдебі қандай болады?<br>3. Қазақ халқының дастарқан жаю ерекшелігі неде?<br><br>**Түйін сөздер**<br>Дастарқан, бата, қарым-қатынас, әдеп, қонақжайлылық. | Шеңбер болып тұрған оқушылар бір-біріне «ізгілік шарын» ұсыну арқылы жақсы тілектер айтады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді. Дастарқан әдебі туралы ойларын, қазақ халқының қонақ-жайлылық мінезі туралы түсінігін тарқатып айтады.<br><br>«Кел, ойланайық!» бөлімінен алған ақпараттарды қолдана отырып, түйін сөздермен сөйлем құрайды. | Ауызша кері байланыс беру: «Жақсы!», «Тамаша!» | |
| Сабақтың ортасы | *Сабақ ортасында уақытты тиімді пайдалану мақсатында үш топқа үш тапсырма беріледі. Тапсырма топта орындалған соң, өзара орындалған тапсырма мен таныстыру «Қонаққа бару» әдісімен жүзеге асырылады.*<br><br>**«Қонаққа бару» әдісі.**<br>**«Қонаққәде»** (әкелген тапсырманы таныстырады, түсіндіреді).<br>**«Ауылдың ақыл алқасы»** (өз білгендері туралы тұжырымдарын айтады).<br><br>**1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс.** ИНСЕРТ кестесі. Оқылым мәтінін ИНСЕРТ кестесімен талдату. | Оқушылар мәтінді ИНСЕРТ кестесімен талдайды. | Ауызша бағалау.<br>«Екі жұлдыз – бір тілек» әдісі бойынша бағалайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>– білетін ақпаратты белгілейді;<br>– жаңа ақпаратты анықтайды;<br>– білетініне сәйкес келмеген ақпаратты талдайды;<br>– көңілінде туындаған сұрағын қояды. | Түйін сөздер жазылған парақшалар.<br><br>Сәйкестендіру кестесі. |

АРМАН-ПВ баспасы

<table>
<tr><th>Сабақ кезеңдері</th><th>Мұғалімнің оқыту іс-әрекеті</th><th>Оқушының іс-әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td></td><td>2-тапсырма. Маңызды ақпарат. Қонақжайлылық. Дастарқан әдебі. Ас атасы – нан.<br><br>Сәйкестендіру картасы<br>Айтылған ақпараттарды есте сақтай отырып, сәйкестендіру картасын толтыртады.</td><td>Айтылған ақпараттарды есте сақтап, сәйкестендіру картасын толтырады.</td><td>Дескриптор:<br>– Айтылған ақпараттарды есте сақтайды<br>– сәйкестендіру картасын толтырады.</td><td>Сәйкестендіру картасы.</td></tr>
<tr><td></td><td>3-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>«Түртіп алу» әдісі.<br>Асхана аспаптарын дұрыс қолдана аласың ба?<br><table><tr><th>Білетін ақпарат<br>V</th><th>Жаңа ақпарат<br>+</th><th>Білгеніме сәйкес келмеді<br>–</th><th>Көңілімде сұрақ туындайды<br>?</th></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table><br><table><tr><td>Қонақжайлылық</td><td>Арнайы дәм</td></tr><tr><td>сыбаға</td><td>дәмге құрмет көрсету</td></tr><tr><td>нан ауыз тию</td><td>қазақ халқының ұлттық дәстүрі</td></tr></table></td><td>Мәтінді «Түртіп алу» әдісі бойынша оқып танысып, керекті ақпараттарды жазып алады.</td><td>Дескриптор:<br>– «Түртіп алу» әдісімен ақпаратты меңгереді;<br>– қажетті ақпаратты жазып, достарына таныстырады.</td><td>Оқулық.</td></tr>
<tr><td></td><td>
<br>Дастарқан мәдениетіне қатысты мәтінмен мұқият таныстырып, керек ақпараттарды жаздыру</td><td>Дастарқанға қатысты қонақ күту әдебі, дастарқан мәдениеті туралы ойларын «Бес ереже» әдісімен қорытындылайды.</td><td></td><td>Сурет.</td></tr>
</table>

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің оқыту іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **4-тапсырма. Барлық топқа ортақ «Талда» айдарымен жұмыс істетеді.**<br><br>Дастарқанға қатысты қонақ күту әдебі, дастарқан мәдениеті туралы ойларын **«Бес ереже»** әдісімен орындату.<br><br>Топпен жұмыс. «Біліміңді тексер!» айдарымен жұмыс жасатып, кері байланыс беру.<br><br>**Семантикалық карта**<br>**Сұрақтар** / **Мысалдар**<br>Дастарқан әдебі деген не? /<br>Батаның қандай маңызы бар? /<br>Неліктен дастарқан басы киелі орын деп есептеледі? / | Дастарқан әдебі туралы қосымша мәліметтер тауып, өз пікірлеріне негіздеме жасайды.<br><br>Семантикалық картаны толтырып, өз пікірлерімен бөліседі. | | Семантикалық карта. |
| Сабақтың соңы | **«3Қ» әдісімен** кері байланыс жасау. | Оқушылар сабақта алған құнды, қызықты ақпараттарды атап, қиындық тудырған тапсырмалардың себептерін айтады. | Стикерге жазып, пікірін іледі. | Стикер |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 4-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Этика және әдеп | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Қоғамдық көлікте, театрда, кинотеатрда, мұражайда өзіңді қалай ұстау керек? | |
| **Сабақтың мақсаты** | Қоғамдық көліктегі әдеп және театр ішіндегі ережелерді үйрену;<br>кинотеатрдың ерекшелігі мен мұражай әдебі туралы түсінік қалыптастыру. | |

АРМАН-ПВ баспасы

### Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | «Таңғажайып театр» әдісімен психологиялық орта қалыптастырады.<br><br>Шарты: көлікке орналасқан ерекше театр туралы тың идеялар туындауына жағдай жасау.<br><br>**«Кел, ойланайық»** айдарымен жұмыс барысында түйін сөздерді негізге ала отырып, жұмыс жасату.<br><br>«Көрме» әдісімен үстелдерге *қоғамдық көлік, театр, кинотеатр, мұражай* суреттерін қояды. Оқушылардың өз таңдауымен бөлінуіне мүмкіндік береді.<br><br>Түйін сөздер көмегімен сабақ тақырыбын, мақсатын анықтауға жағдай тудырады. | Оқушылар бір-бірімен ақылдасып, өз жұптарының жауабын ұсынады.<br>Мысалы: кеме-театр, зымыран-театр, мәшине-театр, ұшақ-театр т.б.<br><br>«Бес қадам» әдісімен 5 сөзге (қоғамдық көлік, театр, тәртіп сақтау, мұражай, жәдігер) талдау жасайды.<br><br>Әр топ өз сұрақтарымен жұмыс істеп (көлік атаулары, театр, кинотеатр атаулары, мұражайлар атаулары т.т.), жедел жауаптар топтамасын ұсынады. | Көтермелеу, мадақтау сөздерімен ынталандыру | Қима қағаздар. |
| Сабақтың ортасы | **1-тапсырма. Топтық жұмыс**<br>«Меңгерілетін білім» айдары бойынша «Жолбағдар» картасын таратады. Аялдамалар: *қоғамдық көлік, театр, кинотеатр, мұражай.*<br>**«Қоғамдық көлік»** аялдамасындағы топ теориялық түсіндірме мәтіндегі өздеріне тиесілі бөліммен жұмыс істеп, өзге топтарға түсіндіру мақсатында дайындалуын бақылайды. Бұл ауқымды бөлік болғандықтан, өзі жетекшілік етеді. Көлікке қатысты «Қызықты ақпаратты» қосымша қамту керек екенін ескертеді.<br><br>**Мәтінмен танысып, ереже жасауға бағдар беру**<br>*Үлгі: қоғамдық көліктерге автобус, троллейбус, трамвай, метро, пойыз, ұшақ, кеме т.б. жатады. Трамвайдың алдыңғы жағынан, ал автобус пен троллейбустың артқы жағынан өту керек.*<br>*Балалар қоғамдық көліктерде үлкендерге орын ұсынады және т.т.* | Аялдамалар атауына сай безендіреді (бір сурет, зат, т.б.).<br><br>Теориялық мәтінді атаудың мағынасына сай түсіндіреді, пікір алмасады. «Көрме» әдісі бойынша түсіндіру, таныстыру, өз пікірлерін айту жұмыстарын орындайды.<br><br>«Қоғамдық көлік» аялдамасына жауапты топ мүшелері көлікке міну, көліктен шығу ережелерін қимыл-қозғалыс, пантомима арқылы таныстырады. | **Дескриптор:**<br>– Қоғамдық көлік түрлерін ажыратады;<br>– Көлік ішінде, аялдамада өздерін ұстау ережелерін түсінеді. | Ақпараттық мәтіннің үлестірме бөлімдері.<br><br>Аялдама суреттері. |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **Теориялық мәтін бойынша хабарлама дайындату.**<br>**«Театр»** аялдамасы өз мәтінімен жұмыс жасауын қадағалайды. Театр үлгісінде түсіндіру мүмкіндігін ойластырады. «Ортеке» ұлттық ойыны туралы ақпаратты қамтуын ескертеді.<br><br>*Театр билеттерін алу жолдары.*<br>*Театр түрлері.*<br>*Театрдағы әдеп.*<br><br>**3-топ. Салыстыру қорытындысын таныстыру.**<br>«Кинотеатр» аялдамасы тобына мәтінмен танысқан соң, театр мен кинотеатр ерекшелігін зерттеуге, салыстыруға және өз пікірлерімен таныстыруға бағдар береді.<br>*Кинотеатр.*<br>*Театр.*<br>*Кинозалдағы мәдениет.*<br>*Тазалық пен жауапкершілік.* | «Театр» аялдамасы диалог, монолог форматын қолдана алады.<br><br>Ерекше көлік және ежелгі қуыршақ театры – «Ортеке» ойыны туралы ойларын ортаға салады. | **Дескриптор:**<br>– Театр түрлерін ажыратады;<br>– Театрда өзін ұстау мәдениетін меңгереді түсінеді;<br>– Ежелгі театр түрлері туралы білімін тереңдетеді.<br><br>**Дескриптор**:<br>– Кинотеатр туралы білім көзін толықтырады;<br>– Театр мен кинотеатр айырмашылығын біледі. | Оқулық.<br><br>Энциклопедия.<br><br>«Ортеке» ойынының бейнежазбасы. |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия.**<br>«Қызық. Қиын. Құнды»<br>Бүгінгі сабақтың қызық, қиын, құнды болған тұстарын жазып, пікірлерін білдіруге мүмкіндік тудырады. | «Қызық. Қиын. Құнды».<br>Сабақ барысында қызық, қиын, құнды болған тұстарды жазып, ой қорытады. | Бағдаршам арқылы бағалау. | Кесте. |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 5-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Азаматтық және патриотизм | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны | Қатыспағандар саны |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Отбасындағы өзара сыйластық | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Отбасындағы өзара сыйластық қағидаттарымен таныстыру.<br>Отбасылық құндылықтарды түсіндіру.<br>Ұлтымыздың отбасы құндылықтарының ерекшелігі туралы мағлұмат беру. | |

АРМАН-ПВ баспасы

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі.<br>Сәлемдесу.<br>«Отбасы туралы » бейнеролик көрсету арқылы жағымды психологиялық орта қалыптастырады.<br><br>**«Кел, ойланайық!»** айдарында берілген сұрақтарға жауаптарын тыңдап, «**Түйін сөздерді»** негізге ала отырып, бүгінгі тақырыпты, сабақ мақсатын анықтатады. | Отбасы туралы бейнероликті тамашалап, сабақ тақырыбын анықтайды.<br><br>Оқушылар берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын айтады. | Отбасы, сыйластық, ұлттық құндылық, ізет, әдеп сөздерімен танысады.<br>Мадақтау сөздерімен ынталандыру: «Керемет!», «Жарайсың!»<br>«Тамаша жауап»<br>«Өте жақсы» | https://www.google.com/search.<br><br>Қима қағаздар. |
| Сабақтың ортасы | **1-тапсырма. Жұптық жұмыс.**<br>«Ойлан, тап» әдісімен теориялық түсіндірме мәтінмен танысып, мәтін мазмұнын негізге алып, сұрақ құрап жазуға тапсырма береді.<br><br>**2-тапсырма: Жеке жұмыс.**<br>«Талда» айдары тапсырмасы бойынша отбасындағы сыйластық туралы ой қорытып айтуға мүмкіндік беріп, жүз рет жазылған бір сөздің ерекшелігін айтуға «Сөз құдіреті» сұхбат алаңына шақырады.<br><br>**3-тапсырма: Жеке жұмыс.**<br>**«Өзіңді құрметтеу – өзгені құрметтеу»** психологиялық картасын толтыртады.<br><br>***Ескерту:*** *психологиялық карта мұғалімнің шығарып алуына қолайлы болу үшін 3-қосымшада берілді.*<br><br>**4-тапсырма.** Топтық жұмыс **«Өзіндік жұмыс»** айдары бойынша жүзеге асырылады. Берілген сөздердің арасынан (сүйіспеншілік, әдептілік, жауапкершілік, әділдік, тазалық, жанашырлық, достық, төзімділік, қамқорлық, сыйластық, мейірімділік, құрмет, даналық, сабырлылық) отбасының ынтымағын арттыратын бес сөзді таңдатып, «Рухты сөздер» аукционын ұйымдастырады. | Қатар отырған оқушының бірі сұрақ құрайды, жұбы сұраққа жауап жазады.<br><br>Оқушы мұғалімге қай сөзді таңдағанын, оның ерекшелігі неде екенін түсіндіреді.<br><br>Психологиялық картамен жұмыс жасайды.<br><br>Берілген сөздердің ішінен 5 сөзді таңдап, таңдау себебін түсіндіреді. Сол сөзді кеңінен қолдануды жарнамалайтын мәтін құрастырады. | **Дескриптор:**<br>– Отбасы ұғымын түсінеді;<br>– Отбасындағы қарым-қатынас неден құралатынын біледі;<br>– Сыйластық мәнін ұғынады.<br><br>Дискриптор бойынша өзара бағалау.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Өзіне сын көзбен қарайды;<br>– Жақсы қасиеттер туралы ой қорытады;<br>– Өзін және өзгелерді бағалауды үйренеді.<br><br>Бағалау әдісі:<br>Бағдаршам.<br>Жасыл – түсінікті<br>Сары – сұрағым бар<br>Қызыл – көмек қажет | Сұрақтар жазылған парақшалар.<br><br>Бағалау парақшасы.<br><br>Бағдаршам суреті. |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы | «Біліміңді тексер!» айдарымен жұмыс бойынша қорытындылайды.<br>Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?<br>Отбасы құндылығын не үшін сақтау керек?<br>Отбасындағы сыйластықтың қоғам үшін маңызы қандай? | Сұрақтарға жауап береді, ойларын нышанды суреттермен береді. | Стикермен пікір қалдырады. | Стикерлер тақтасы. |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 6-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Азаматтық және патриотизм | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Өз Отанымды мақтан тұтамын! Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт. | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Отан ұғымының мәнін ашу;<br>Отанға деген құрмет сезімдерін ояту;<br>«ұлт» деген ұғыммен тереңірек танысу;<br>бірлік – ұлттың айнымас қазығы екенін түсіну. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **«Отаны бірдің жүрегі бір, Жүрегі бірдің тілегі бір»** нақыл сөзін ұсыну арқылы сыныпта жағымды психологиялық орта қалыптастыру. | Оқушылар шеңбер бойымен тұрып, қол ұстасады. | | Нақыл сөз слайд №1. |
| | **Қызығушылықты ояту**<br>«Бүгінгі сабақтан не алғың, не көргің келеді?» сұрағын қойып, сұрақтарға жауап алу. | Тақырып бойынша не күтетіндерін анықтап алады. | | |
| | **«Кел, ойланайық!»** айдарында берілген сұрақтар мен түйін сөздерді байланыстырып, ой тарқату үшін кино үзінділері мен суреттер көрсетіп, ой қозғайды. | Оқушылар көрген материалдар бойынша өз ойларын айтады. | | Кино үзінділері мен тарихи суреттер. |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Отан дегенде көз алдарыңа не келеді? Қазақстанда туғаныңды мақтан тұтасың ба? Ұлт деген не?<br>Өзге ұлттар біздің елге қалай келген?<br>**Түйін сөздер**<br>Отан, парыз, мақтан тұту, ұлт, халық, тарих, бірлік, біртұтас ел. | | | |
| Сабақтың ортасы | **1-тапсырма. Жұптық жұмыс.**<br>«Өз Отанымды мақтан тұтамын! Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» мәтінін оқытып, жұпта үш түйін сөзді таңдап, өз ойын қорытатын үш сөйлем айтуын қадағалайды.<br><br>**2-тапсырма. «Талда» айдарымен жұмыс.**<br>Отан туралы өлеңді оқып, «Отан» дегенде өзінде қандай ой туатынын «4 сөйлем» әдісімен жаздырады.<br><br>**3-тапсырма.**<br>1. Жеке жұмыс. QR-code-тағы бейнежазбамен танысып, туған жердің табиғатының бала Абайға қалай әсер еткені туралы пікірлерін тыңдайды. Кері байланыс береді.<br>2. Әлеуметтік іс-шара ұйымдастыру бойынша «Жерұйық» фильмінен үзінді көрсетіп, фильм мазмұнына қатысты «Отаным – мақтанышым!» атты пікірлер челленджін ұйымдастыру жолын түсіндіреді.<br><br>«Адамдардың бәрін сүй, бауырым деп» тақырыбындағы теориялық ақпарат мәтінімен жұмыс жасату үшін «Ақпаратпен жұмыс» парақшасын таратады.<br><br>Достық бесігі. («Маңызды ақпарат» айдарларымен жұмыс) \| Ұлттар тағдыры (ақпараттық мәтін және кинодерек бойынша) \| Ұрпақтар татулығы (жағдаятпен жұмыс) \| Татулық пен ынтымақ мерекесі. Алғыс күні | Мәтін мазмұнымен мұқият танысады.<br>Үш түйін сөздің көмегімен сөйлем құрап, ойын айтады.<br><br>Өлең мазмұнымен танысып, 4 сөйлеммен өз ойын жазады.<br><br>Өз пікірлерін айтады.<br>Челлендж ұйымдастыру бағытымен танысып, пікірлерін дайындайды.<br><br>Парақша бойынша топтасып, өз пікірлерін айтады. Келісе отырып, ортақ бір парақшаны толтырады. | Мадақтау сөздерімен ынталандыру: «Керемет!», «Жарайсың!»<br>«Өзін-өзі бағалау» әдісі «Бағдаршам».<br><br>**Дескриптор**<br>– Отан ұғымының құндылығы туралы пікірін жүйелі жеткізеді;<br>– Өз ойын дәлелдей алады.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Ұлттар достығы ұғымын терең түсінеді;<br>– Отанға сүйіспеншіліктің баршаға ортақ екенін жете сезінеді.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Өз Отаны туралы туралы маңызды мәліметтер бере алады;<br>– Ұлттық құрамы мен ұлттар достығы туралы деректерді біледі;<br>– Өз білімін толықтыру жолдарын анық біледі. | Ақпараттық мәтін.<br><br>«Жүзім шоғыры» парақшасы.<br><br>Тірек сызбалар.<br><br>youtube.com/watch?v=NgJG4dsIvSs.<br><br>«Ақпаратпен жұмыс» парақшасы. |

Арман-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы | **Рефлексия**<br>Суреттегі кестемен жұмыс жасатады.<br>**«Аяқталмаған сөйлем»** рефлексиясын қолдану<br>Бүгін мен ... білдім.<br>Мен үшін ... қызық болды.<br>Мен үшін ... қиын болды.<br>Мен ... тапсырмалар алдым.<br>Мен ... екенін түсіндім.<br>Мен енді ... жасай аламын.<br>Мен ... сезіндім.<br>Мен ... туралы білдім.<br>Мен ... үйрендім.<br>Мені ... таңғалдырды.<br>Мен ... өзімді сынап көремін. | Суретте берілген кесте бойынша жұмыс істеп, оқушылар бүгінгі сабақ бойынша ой қорытады. | Тапсырманы орындау барысында не алдым?<br>Нені жақсартамын? | «Аяқталмаған сөйлем» кестесі. |

## Қысқа мерзімді сабақ жоспары. 7-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Әлеуметтік желі дегеніміз не? Әлеуметтік желідегі менің аккаунтым | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Әлеуметтік желі туралы ақпаратпен танысу;<br>аккаунт құруда ескеретін басты жағдайлар;<br>аккаунтты дұрыс пайдалану. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру «Жүректен жүрекке» тренингі арқылы жүзеге асырылады.<br><br>**Кел, ойланайық!**<br>«Кел, ойланайық!» айдары мен «Түйін сөздер» айдарын негізге ала отырып, әлеуметтік желілер жайлы білімдерін кеңейту мақсатында жұмыс жасатады. | «Жүректен жүрекке» тренингінде әлеуметтік желілер туралы ой болжамдары жайлы пікір алмасады, баяндайды.<br><br>**«Мозаика»** әдісімен 3 топқа бөлінеді. | Ауызша бағалау: «Жарайсың!», «Тамаша!», «Жақсы!». | Суреттер қиындылары. |

Арман-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Әлеуметтік желі атаулары (Facebook, Instagram, ВКонтакте) жазылған парақшаларды таратып, оқушылар «Мозаика» әдісімен 3 топқа бөлтді.<br>I топ: Facebook.<br>II топ: Instagram.<br>III топ: ВКонтакте.<br><br>«Миға шабуыл» арқылы сұрақтар беріледі, оқушылар жауап беру арқылы тақырыптың сипатын анықтайды.<br>Әлеуметтік желі дегеніміз не?<br>Әлеуметтік желінің қандай түрлері бар?<br>Әлеуметтік желіде аккаунтың бар ма?<br><br>**Түйінді сөздер:**<br>Әлеуметтік желі, медиакеңістік, интернет, медиасауаттылық, аккаунт. | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшеді.<br><br>«Миға шабуыл» арқылы сұрақтарға жауап береді. Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді,тақырыптың сипатын анықтайды.<br><br>Оқушылар түйін сөздердің мағынасын түсініп, ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға дағдылану, талдау арқылы жаңа деректермен алмасады. | **Дескриптор:**<br>Әлеуметтік желілер жайлы білімдерін кеңейтеді, әлеуметтік желілердің әсері туралы пікірлерін айтады.<br>– Facebook;<br>– Instagram;<br>– ВКонтакте.<br><br>Ауызша бағалау.<br>Мадақтау: «Тамаша!», «Керемет!», «Өте жақсы!» | |
| Сабақтың ортасы | «Маңызды ақпарат!» айдарында «Бір қадам алға...» әдісі бойынша орындалатын тапсырма беріледі.<br><br>Мұғалім сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа аударады.<br><br>ЖЖ.ТЖ «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі арқылы жұппен, топпен жұмыстар ұсынады, теориялық мәтінмен жұмыс жасатады.<br><br>Мұғалім әр оқушының жауабын мұқият тыңдайды.<br><br>**1-тапсырма. «Талда»** айдарымен жұмыс жасайды. Мәтінді оқыған соң «Интернетті көп пайдаланудың зияны болуы мүмкін бе?» тақырыбында талдау ұйымдастырады. | Оқушылар «Бір қадам алға...» әдісі бойынша ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды, оқиды, талдайды, әлеуметтік желінің адам өміріне тигізетін пайдасы, зияны туралы ойларымен бөліседі, жұптасып, топтасып талқылайды.<br><br>Кестемен жұмыс жасайды. | **Дескриптор:**<br>– Мәтіндегі проблеманы анықтайды,<br>– Тапсырмаға комментарий жасайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Проблеманы анықтай біледі;<br>– Өзекті мәселені аша алады. | Ақпараттық мәтін.<br><br>Үлестірмелі қағаздар. |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Төмендегі мәселелерге де назар аудартады:<br>• Әлеуметтік медианы пайдаланудың жағымды жақтарын сипатта (мысалы, қарым-қатынас, ақпарат алу, өзін-өзі көрсету).<br>• Әлеуметтік медианы пайдаланудың ықтимал қауіптері мен кемшіліктерін жаз (мысалы, тәуелділік, жалған ақпарат тарату т.б.).<br><br>ТЖ «Сүзгі» әдісімен жұмыс жасатады.<br>Сүзгідегі ең танымал желіні іріктеп жоғарыға қалдырып, танымалдығы төмен желілерді сүзгіден өткізіңдер.<br>Жоғарыда қалдырылған желілер неге ең танымал?<br><br>Мұғалім үнемі оқушылардың іс-әрекетін мұқият бақылайды, бағыт береді, анықтайды, талдайды. | Жағымды жағы / Кемшіліктері (кесте)<br><br>Сүзгідегі ең танымал желіні іріктеп, жоғарыға қалдырады. Танымалдығы төмен желілерді сүзгіден өткізеді.<br><br>Оқушылар айдарда ұсынылған үш тапсырманың бірімен өз таңдауы бойынша жұмыс істейді.<br>Өз таңдауы бойынша құрылған топтарда бірлесе жұмыс істейді. | **Дескриптор:**<br>Желілерді сипаттайды (Facebook, WhatsApp т.б.).<br><br>**Дескриптор:**<br>SWOT талдауы арқылы желілер әлеміне сараптама жасайды. | Суреттер.<br><br>Кесте. |
| Сабақтың соңы | Тест тапсырмасымен жұмыс | Оқушылар тест тапсырмаларын орындайды | Интернет платформасында бағалау. | https://wordwall.net. |

Оқушының әрекеті бағанындағы кесте:

| Жағымды жағы | Кемшіліктері |
|---|---|
| | |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 8-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Алғашқы ақша және олардың функциялары қалай пайда болды?<br>Адамның еңбегі қалай бағаланады? | |
| **Оқу мақсаты:** | Ақша туралы білім көзін толықтыру;<br>ақшаның қызметін, адам еңбегін бағалау;<br>еңбекақы туралы мәлімет беру. | |

АРМАН-ПВ баспасы

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Сәлемдесу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастырады.<br><br>**Топтастыру.** «Әріптер тізбегі» әдісі.<br>Бұл әдістеме зейіннің таңдамалылығын анықтауға бағытталған.<br><br>**Нұсқау:**<br>Әріптердің арасында тұтас сөздер ұсынылған. Тапсырма шарты: түйін сөздерді пайдаланып, жылдам оқу, сөздердің астын сызу, тақырыпты айқындау.<br>Түйін сөздер: ақша, номинал, айырбас, еңбек, еңбекақы, гравюра.<br>– Қанша сөз құрай алдың?<br>**«Сен маған, мен саған»** әдісі қолданып, «**Кел, ойланайық!»** айдары тапсырмасын орындатады. | Оқушылар белгіленген уақытта ойланып, ойларын ортаға салады, тақырыпты анықтайды.<br><br>**«Сен маған, мен саған»** ойыны арқылы бір-біріне қойылған сұрақтарға жылдам жауап береді. Адам еңбегі қалай бағаланатынын анықтайды. | Ауызша бағалау:<br>«Тамаша!»<br>«Керемет!»<br>«Жарайсың!»<br>«Талпын!»<br><br>«Сен маған, мен саған» ойынын тәуелсіз сарапшылар бағалайды. | Тақырыптық суреттер.<br><br>Алғашқы қағаз ақша бейнеленген сурет.<br><br>Сонг әулеті (Қытай) ақшасы. |
| Сабақтың ортасы | **«Маңызды ақпарат!»** айдарында оқулықта берілген мәліметтерге сүйене отырып, **«Елестету көрінісі»** әдісі арқылы ақшаның қызметі мен адамның еңбегін қалай бағалауға болатынына білуге жағдай тудырады. Мәтіннің басты мәнін мүмкін болса, елестетуге тырысу керек. Егер мүмкіндік болса, сурет, сызба, тірек сызба т.б. ретінде қағазға түсіріп, суреттерді қорғау.<br><br>**Ақшаның 5 қызметі,** атқаратын негізгі қызметтерін талдатады. Сипаттарын таныстыру ерекшелігін бағалайды.<br><br>**«Талда»** айдары бойынша төмендегі бағытта жұмыс жасатады**.**<br><br>**1-тапсырма. «Пазл» әдісі.**<br>Әр топқа «миқатырғыш пазлдар» таратады. Сөйлем құрастырған топ мүшелері бірігеді. | Оқушылар «Елестету көрінісі» әдісі арқылы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды.<br><br>Оқушылар адам еңбегін бағалауға сипаттама береді.<br><br>Оқушылар жұмыстарын сынып алдында қорғайды. | **Дескриптор:**<br>– Еңбектің маңызын түсінеді;<br>– Еңбектің бағаланатынын біледі;<br>– Ақшаның рөлін ұғынады. | 5-сынып. Жаратылыстану.<br><br>Кішкентай «ми қатырғыш пазлдар» (суретті, ашықхатты бірнеше бөліктерге бөлуге де болады). |

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Пазлдар бойынша теңгеге қатысты жауаптарды құрастырып шығады.<br><br>**«Қызықты ақпарат»** айдарын қолданып, пікірлерін толықтыртады.<br><br>**2-тапсырма. «Ойна да ойла!», «Өзіндік жұмыс»** айдарымен жұмыс.<br>ТЖ. Мамандық атаулары бойынша бөледі: «Есепші», «Ұстаз», «Әртіс». «Есепшілер» тобы «Ойна да ойла» айдарымен; «Әртістер» тобы «Өзіндік жұмыстың» бірінші тапсырмасымен; «Ұстаздар» тобы «Өзіндік жұмыстың» екінші тапсырмасымен жұмыс жасайтынын ескертеді. | Пазл құрастырады.<br><br>Ақпараттар бойынша ой бөліседі, талдайды, пікір алмасады.<br><br>Оқушылар тапсырманы орындап, топтардың жұмысын сарапшыларға ұсынады. | «Қол алысу» арқылы бағалау.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Тапсырманы талапқа сай орындап, нәтижеге қол жеткізе біледі;<br>– Тақырыпқа қатысты білімін қолдана алады. | Кескін, қима қағаздар.<br><br>Үлестірмелі қағаздар. |
| Сабақ соңы | Біліміңді тексер!<br>**«Ыстық орындық»** әдісі қолданылады.<br>Сабақ барысында алған теориялық білімдерін сәйкестендіру тапсырмалары арқылы қорытындылайды. | | Сарапшылар тобы бағалайды. | Суреттер<br><br>Тірек-сызбалар |

| Тапсырмалар топтамасы |
|---|
| Барлық тауарлардың құнын өлшейтін, жалпыға балама айрықша тауар |
| Қағаз ақшаның пайда болған уақыты |
| Ұлттық валюта дизайнының бас авторы |
| Ең алғашқы теңгелерде бейнеленген қайраткерлер |
| Қазақ ақшасының тарихы қашан басталды? |

| |
|---|
| Тимур Сүлейменов |
| әл-Фараби, Шоқан |
| 15 қараша 1993 жыл |
| VIII ғасырда |
| Ақша |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 9-сабақ

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық |

АРМАН-ПВ баспасы

| | | |
|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Отбасының кірістері мен шығыстары неден тұрады? | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Отбасының кірістері мен шығыстары туралы мәліметтер беру.<br>Отбасының қаржылық қоры туралы түсінік беру. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен амандасу, ынтымақтастық атмосферасын және оқушылардың бойында сенімділік қалыптастыру мақсатында ізгі тілектер тілейді.<br><br>**«Кел, ойланайық!»** айдары мен **түйін** сөздерді талдау арқылы **«Ой шақыру»** сұрақтарын береді.<br>**Түйін сөздер:** отбасының табысы, кірістер мен шығыстар. | Оқушылар **«Ыстық алақан»** әдісі арқылы тілектер айтады.<br><br>Оқушылар **«Ой шақыру»** тапсырмаларымен, түйін сөздерді пайдалана отырып, өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді. | **Дескриптор:**<br>– «Достық белгісі» әдісімен ауызша бағалау<br>– **«Қол алысу»** әдісі арқылы бағаланады. | Тақырыптық суреттер |
| Сабақтың ортасы | **Маңызды ақпарат**<br>POPS әдісін қолданып, отбасының бюджетіне талдау жасатады.<br>1. Позиция – дәлел (мен сенемін ...)<br>2. Түсіндіру (... себебі ...)<br>3. Мысал / фактілер (мен оны мысалмен дәлелдей аламын ...)<br>4. Нәтижесі (жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қорытындылайды)<br>Тұрақты ← **Кірістер** → Ауыспалы<br>Тұрақты ↓ Еңбекақы, Шәкіртақы, Зейнетақы<br>Ауыспалы ↓ Сыйақы, Депозит, Басқа кірістер | Оқушылар отбасының кірістері мен шығыстары, ақшаның сақталу тәсілінің артықшылығы мен кемшілігін анықтайды. | **Дескриптор:**<br>– Ақшаны дұрыс жинақтауды біледі;<br>– Ақшаны (кіріс, шығын) есептеуді түсінеді;<br>– Ақшаны дұрыс жұмсауды үйренеді. | Ақпараттық мәтін.<br><br>Үлестірмелі қағаздар.<br><br>Тірек-сызбалар. |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Жоспарлы ← **Шығыстар** → Жоспарсыз<br>Жоспарлы: Азық-түліктер, Коммуналдық қызметтер, Күнделікті шығыстар<br>Жоспарсыз: Дәрілер, Айыппұлдар, Шұғыл жөндеу<br><br>**«Талда»** айдарымен жұптық жұмыстарды орындатады. Сұрақтар бойынша жұпта пікір алмасып, қаржы сауаттылығы туралы пікірлерін тыңдайды, талқылайды. Мақалдар мен нақыл сөздердің мағынасын талдатып, ойын тұжырымдатады.<br><br>**«Ойна да ойла!» айдарымен жұмыс.** «Кірісті еселеу» ойынын ойнатады. | Жұптасып талдайды. Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап, кері байланыс беріп отырады.<br><br>Оқушылар екі кестемен жұмыс істейді. | **Дескриптор:**<br>– есеп картасымен жұмыс істеуді меңгереді;<br>– Кірісті еселеу кестесімен сауатты жұмыс жасайды. | Мақалдар мен нақыл сөздер. |
| Сабақтың соңы | **Біліміңді тексер!**<br>**«Білім қорабы» әдісімен сұрақтарға жауап алады.** Ата-анасымен ақылдасып, отбасы табысының сызбасын құрып келуге тапсырма береді. | Оқушылар бүгінгі сабақтан нені түйгенін стикерге жазып, қорапқа салады. | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. | |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 10-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Қалта ақшасын қалай басқаруға болады? | |
| **Сабақтың мақсаты** | Қалта ақшасы, оның қолданылуы туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Ақшамен қарым-қатынас әліппесін үйрену.<br>Қаржыны тиімді, үнемді пайдалану. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Сәлемдесу. «Жылы лебіз» әдісі арқылы жағымды психологиялық жағдай жасайды.<br>**«Кел, ойланайық!»** айдары мен **«Түйін сөздер»** айдары бойынша «Қалта ақшасы» дегенді қалай түсінуге болады?», «Өзің қалта ақшасын дұрыс қолдана аласың ба?» деген сұрақтар төңірегінде ой қозғау жүргізеді.<br>«Бүгінгі сабақ тақырыбы қандай болады деп ойлайсыңдар?» деген сұраққа жауап алады.<br>**Түйін сөздер:** қалта ақшасы, қолма-қол төлем, қаржыны басқару, сауаттылық. | Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне жылы тілектер білдіреді.<br>Қалта ақшасы ұғымына түсінік береді;<br>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды.<br>Отбасы табыстары мен шығыстары кестесін талдайды.<br>Отбасының кірісі мен шығыстарын есептейді. | «Ыстық алақанмен қол алысу»<br>«Тамаша!»<br>«Керемет!»<br><br>**Дескриптор:**<br>– «Қалта ақшасы» ұғымына, түйін сөздерге түсінік береді. | Тақырыптық суреттер. |
| Сабақтың ортасы | **«Маңызды ақпарат»** айдарында теориялық мәтінді оқып болған соң, **«Қос шеңбер ішіндегі сұхбат»** әдісі арқылы оқушылар екі шеңберге (ішкі және сыртқы) бөлініп, бір-біріне жүзін қаратып тұрады. Ішкі және сыртқы шеңберге бір-біріне қарап тұрған оқушылар бір-бірімен әңгімелесіп, мәтін бойынша сұрақ қояды. Берілген уақыт ішінде оқушылар жұптарымен алмасады: ол үшін бір шеңбердегі оқушы оңға немесе келесі шеңбердегі оқушы солға бір қадам жасауы керек.<br>1. Отбасының кірістері<br>2. Еңбекақы және басқа жалдамалы жұмыс төлемдері.<br>3. Әлеуметтік төлемдер<br>4. Банктердегі жинақ, бағалы қағаздан түсетін кірістер.<br>5. Қарызға немесе банктен несиеге алынған қаражат.<br>6. Меншіктен түсетін табыс.<br><br>**«Талда»** айдарында «Ойымды жалғастыр» әдісі арқылы оқушылардың пікірін тыңдауды ұсынады.<br>Сұрақтар бойынша жұпта пікір алмасады.<br>– Сен қаржы сауаттылығын меңгеру керек деп ойлайсың ба?<br>– Отбасыңа ақша үнемдеуге көмектесу керек болса, не істер едің?<br>– Сен өзіңе берілген ақшаны (қалта ақшасы, сыйлыққа берілген ақша) қалай жұмсайсың? | **«Қос шеңбер ішінде сұхбат»** әдісі арқылы оқушылар отбасы кірістері мен шығыстарын талқылау сұрақтарына жауап береді.<br><br>Тапсырманы талдайды.<br><br>Дәптерге тапсырманы орындайды.<br><br>Оқушылар «Талда» айдарында сатып алу мүмкіндігі немесе кедергілер туралы пікірін айтады. Болашақта қазір қол жетпей тұрған нәрсені алуға мүмкіншілік болатынын болжайды, пікір алмасады. Отбасы ақшасын үнемдеу мен қалта ақшасын жұмсауға мұқият болуды талдайды. | **Дескриптор:**<br>– «Қос шеңбер ішіндегі сұхбат» әдісі арқылы оқушылар кірістер мен шығыстарды есептейді.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Кіріс есебін нақты біледі;<br>– Төлем түрлерімен таныс болады;<br>– Қарызға немесе банктен несиеге алынатын қаражат туралы ақпаратты меңгереді.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Мәтіннен ақпаратты табады;<br>– Дәптерлеріне жазады;<br>– Қорытындылайды. | Үлестірмелі қағаздар |

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңі/ уақыт</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td></td><td>

**«Ойна да ойла»** айдарымен жұмыс барысында үлгіге қарап өзі сатып алғысы келген затты алу немесе ала алмау себептерін анықтатады. «Кірісті еселеу» ойыны тапсырмалары арқылы оқулықтағы мәліметтер талданады.<br><br>Жағдаяттық тапсырманы қалай шешетінін бағалайды.<br><br>**«Әріптестік»** тәсілі. Әр оқушыға сұрағы немесе жауабы бар қағаз таратып, оқушылардың сынып ішінде жүріп, сұраққа сәйкес келетін жауапты іздеуін ұйымдастырады.<br>Балаларды ақша ұстауға қалай үйретуге болады?<br><br>**Тапсырмалар тізбегі: «Сен білесің бе?»**

<table>
<tr><td>5 жастан бастау.</td><td>Қаржылық сауаттылық іргетасы балабақшадан басталады.</td></tr>
<tr><td>Ақша туралы сөйлесу.</td><td>Ақшаға деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру, ақшаның қайдан келетінін түсіндіру.</td></tr>
<tr><td>Сатып алуға үйрету.</td><td>Баланың ең жақсы бағаны табуға көмектесуі үшін тауардың бағасын көрсету.</td></tr>
<tr><td>Жинауға үйрету.</td><td>Баланың өзі қалаған затына ақша жинауы үшін оған күнделікті жұмсалатын ақша беріп тұру.</td></tr>
<tr><td>Үнемдеуге үйрету.</td><td>Барлық ақшаны бірден жұмсамауға, ұсақ-түйекке қажет емес заттарға шашпауды үйрету.</td></tr>
<tr><td>Қаржылық есеп жөнінде айтып беру керек.</td><td>Баланы кірістер және шығыстар туралы кестені жүргізуге үйрету</td></tr>
</table>

</td><td>Оқушылар **«Ойна да ойла»** айдарында жағдаяттық тапсырмаға қатысты өз жауаптарын айтады, пікір алмасады, ортақ қорытынды ой айтады.<br><br>Оқушылар **«Әріптестік»** тәсілі арқылы берілген тапсырмаларды орындайды, жауаптарымен бөліседі, талдайды.<br>«Сен білесің бе?» тапсырмалар тізбегін талдайды, пікір алмасады.</td><td>**Дескриптор:**<br>– Есеп картасын талдайды;<br>– Қаржылық сауаттылықтары артады;<br>– Кірісті еселеу картасын толтырады.<br><br>**Дескриптор: «Әріптестік»** тәсілі арқылы берілген тапсырмаларды орындауда бірін-бірі бағалайды.<br><br>– Қаржылық сауаттылық шаралары туралы шағын ескерту хабарламасын жасайды;<br>– Жинау мен үнемдеуге үйренеді;<br>– Қаржылық есеп жөнінде айтып береді.</td><td>Суреттер<br><br>Тірек-сызбалар</td></tr>
</table>

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы | **«Жақсы сұрақ»** әдісі арқылы кері байланыс ұйымдастырады.<br>Менің күнделікті шығыным қандай?<br>Неліктен...?<br>Егер... болса, қалай?<br>Сіз қалай...?<br>Күнделікті шығынды қалай басқаруға болады? | Оқушылар жеке шығындарын жоспарлайды және негіздейді, күнделікті шығынына есеп жазады. | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. | |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 11-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Өмір сүру қауіпсіздігі | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Үй, аула, мектептегі қауіпсіздік | |
| **Сабақтың мақсаты** | Қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы ақпаратпен танысу; қауіпсіздік ережелерін білу;<br>үйде өзін қауіпсіз ұстаудың қарапайым ережелерін білу және төтенше қызметтердің телефондарын білу. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Жағымды көңіл күй орнату үшін **«Менің отбасым»** жаттығуын ойнатады. Балалар шеңбер бойымен микрофонды (немесе микрофонды ауыстыратын затты) бір-біріне беріп, «Менің үйім...» деген сөз тіркесін жалғастырады (көңілді, бақытты және т.б.).<br><br>**«Кел, ойланайық!»** айдарындағы сұрақтарға жауап барысында оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстырады. | **«Менің отбасым» ойын жаттығуы.**<br>Балалар шеңбер бойымен микрофонды (немесе микрофонды ауыстыратын затты) бір-біріне беріп, «Менің үйім...» (көңілді, бақытты және т.б.) деген сөз тіркесін жалғастырады.<br>Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді.<br><br>Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу. | Ауызша кері байланыс беру.<br>«Жақсы!», «Тамаша!» | Микрофон. Тақырыптық суреттер. |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **Теориялық мәтінмен** жұмысты «Керек дерек» әдісімен ұйымдастырады.<br>Мәтіндегі ақпаратты «Керек дерек» тәсілімен жаздыртады.<br>**«Талда»** айдарымен жұмысты топтарға бөліп орындатады.<br>Қауіпсіздік шаралары туралы шағын ескерту хабарламасын жасатып, постер түрінде қорғатады. | Әр оқушы мәтіннен керекті ақпараттарды дәптерлеріне жазады. Қорытындылайды. | Ауызша бағалау<br>**Дескриптор:**<br>– Мәтіннен ақпаратты табады;<br>– Дәптерлеріне жазады;<br>– Қорытындылайды. | Ақпараттық мәтін. |
| | «Қауіптен қорғана білемін!» атты топтар арасындағы білім сайысын ұйымдастырады. Топтарға сұрақтар бөліп, жұмыс ережесін таныстырады.<br><br>**1-топ:**<br>– Үйде қандай қауіпсіз және қауіпті заттар болуы мүмкін?<br>– Үйде өрт шыкққан жағдайда не істеу керек?<br>– Электр құрылғыларын пайдалану кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?<br><br>**2-топ:**<br>– Аулада не көшеде ойнау не себепті қауіпті болуы мүмкін?<br>– Бақылаусыз бүлдіршіндердің қауіпті жағдайға тап болуы мүмкін бе, оның алдын алуға бола ма?<br>– Адамдар тарапынан бала өміріне қандай қауіп тууы мүмкін?<br><br>**3-топ:**<br>– Мектепте өрт немесе басқа төтенше жағдай орын алса, не істеу керек?<br>– Мектеп оқушылары арасында түсініспестік, жанжал туындаған жағдайда не істеу керек?<br>– Сыныптастармен қарым-қатынас жасаудың қандай тәсілі жанжал мен ұрыс-керістерді болдырмауға көмектеседі? | Топтар сұрақтарды талдап, қауіпсіздік шаралары туралы шағын ескерту хабарламасын жасап, постер түрінде ұсынады. | **Дескриптор:**<br>– Топтар сұрақтарды талдайды;<br>– Қауіпсіздік шаралары туралы шағын ескерту хабарламасын жасайды;<br>– Постер түрінде ұсынады. | Үлестірмелі қағаздар. |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **4-топ:**<br>– Сенің ауланда ойнауға ең қауіпті орындар қай жерде? Оларды қалай қауіпсіз етуге болады?<br>– Бейтаныс адамның күдікті әрекетін байқасаң, не істеген дұрыс?<br>– Жолға доп домалап кетсе немесе басқа затты құлатып алсаң, не істеу керек?<br>«Ойна да ойла» және жағдаяттық тапсырманы екі топқа бөліп орындатады. | Бір топ тапсырманы қойылым түрінде көрсетеді.<br>Екінші топ жағдаяттық тапсырманы қойылым ретінде аяқтайды. | | |
| Сабақтың соңы | Сабақты қорытындылауды «Аяқталмаған сөйлем» әдісімен жүзеге асырады.<br><br>Мен бүгін ... білдім. / Мен енді ... жасай аламын<br>Маған ... қызықты болды. / Мен ... жасай алдым.<br>Маған ... қиын болды. / Мен ... таңқалдым.<br>Мен келесі тапсырмаларды орындадым ... . / Мен өмірде ... қолданамын.<br>Мен ... екенін түсіндім. / Маған ... ұнамады.<br>Мен ... үйрендім. | Бағалау парағын толтырады. | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. | Бағалау парағы |

### Қысқамерзімді сабақ жоспары. 12-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Өмір сүру қауіпсіздігі | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Отпен ойнама. Менің қауіпсіздігім – менің қолымда. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу.<br>Оттың қауіпті жау екенін білу.<br>Қауіпсіздік ережесін сақтауға, жауапкершілікке тәрбиелеу. | |



Арман-ПВ баспасы

АРМАН-ПВ баспасы

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Сәлемдесіп, сабаққа дайындықты тексереді. Оқушылар назарына өрт бейнеленген суреттер ұсынады.<br><br>**«Кел, ойланайық!»** айдарымен жұмыс жасатады. **«Түйін сөз»** бен **«Маңызды ақпарат»** айдарларына назар аудартып, сабақтың тақырыбын, сабақ мақсатымен таныстырады. | Оқушы өз ойларын ортаға салады.<br><br>Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.<br><br>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді. | Ауызша кері байланыс беру. «Жақсы!», «Тамаша!» | Тақырыптық суреттер |
| Сабақтың ортасы | **Теориялық мәтінмен** жұмыс.<br>Оқушыларға мәтінді мұқият оқытып, **«Серпілген сауалдар»** әдісімен мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындатады.<br><br>**Топтық жұмыс**<br>**1-топ. «Түсін, талда, жеткіз»** әдісі бойынша сұрақтарға жауап беріп, сол сұрақтар бойынша сурет салып, қорғау тапсырмасын береді.<br>– Неліктен шырпымен ойнамау керек?<br>– Өрт шыққанын байқасаң, қандай әрекет жасар едің?<br>– Өрт адамдардың өміріне қандай қауіп тудырады?<br>– Абайсызда өрт шықса, қандай қадамдар жасар едің?<br>– Киімің кенеттен өртенген жағдайда не істеу керек? т.т.<br><br>**2-топқа «Қауіпсіздік пен қорғану»** тапсырмасын ұсынады. Бейнежазбаны көріп, өрт шыққан жағдайда не істеу керектігі жөнінде нұсқаулық құрастыртады.<br><br>**3-топқа «Үйде жалғыз қалу және қауіпсіздік»** рөлдік ойынын ұсынады. | Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар қойып, талдап, бір-бірін толықтырады. Түсінгендері бойынша сурет салады.<br><br>Қауіпсіздік, қауіптен қорғануды ескере отырып, көшеде, үйде, ұялы телефон арқылы болуы мүмкін қауіпті жағдайларды еске түсіреді.<br><br>Бейнежазбаны көре отырып, өрт шыққан жағдайда не істеу керектігі жөнінде нұсқаулық құрастырады.<br>Рөлдерді бөліп алады. Топтар ұрылар әрекетінің өрт қауіпсіздігін туындатуы, бала өміріне қауіп төнуі, хабар беру туралы немесе баланың сақтану әрекеттерін жүзеге асыру жолдарын ойластырады. | Өзара бағалайды.<br>**Дескриптор:**<br>– Бір-біріне қосымша сұрақтар қояды;<br>– Талдап, бір-бірін толықтырады;<br>– Түсінгендері бойынша сурет салады.<br>**Дескриптор:**<br>– Топтар қауіптен қорғану амалдарын біледі;<br>– Қауіпті жағдайлардың алдын алу ережелерін ескереді;<br>– өрт шыққанда не істеу керектігі жөнінде нұсқаулық құрастырады.<br>**Дескриптор:**<br>– Ұрылар әрекетінің өрт қауіпсіздігін туындатуы немесе бала өміріне қауіп төндіруі мүмкін екенін ойластырады.<br>– қауіпті жағдайды көрші қалай сезетінін ойластырады.<br>– Жалғыз қалған баланың сақтану әрекеттерін, ұрылардың әрекетіне жауап ойластырады. | |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Маңызды ақпарат»** пен **«Түйін сөздердегі»** ақпаратпен танысып, талдап, сынып оқушылары бір сөйлемнен айналдыра отырып, А-4 қағазға «Сақтансақ, сау боламыз!» атты үндеухат жазып шығады. | **«Маңызды ақпарат»** пен **«Түйін сөздердегі»** ақпаратпен танысып, статистикаға сәйкес еліміздегі өрт жайында деректер бойынша сынып оқушыларына өрттен сақтану үндеухатын жазады. | **Дескриптор:**<br>– **«Маңызды ақпарат»** пен **«Түйін сөздердегі»** ақпаратпен танысады;<br>– Статистика бойынша еліміздегі өрт жайында деректерді іріктейді;<br>– Сынып оқушыларына өрттен сақтану үндеухатын жазады. | |
| Сабақтың соңы | **Сабақты қорытындылау** «Шығу парағы» әдісімен жүзеге асырылады.<br>Маған ... қиын болды.<br>Мен ... тапсырмаларын орындадым.<br>Мен ... екендігін түсіндім.<br>Мен ... үйрендім. Мені ... таңғалдырды. | Тақырыпқа байланысты «Шығу парағы» әдісі бойынша кері байланыс жасайды. | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. | «Шығу парағы». |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 13-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Өмір сүру қауіпсіздігі | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Менің денсаулығым – менің қолымда | |
| **Сабақтың мақсаты** | Денсаулықтың маңызы туралы ақпаратты меңгерту;<br>Денсаулық сақтау ережелері жайлы білімдерін тереңдету;<br>Денсаулық күтімі туралы білім көзін меңгерту. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің оқу іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Қызығушылықты ояту мақсатында «Суреттер сөйлейді» әдісін қолданады. Денсаулыққа қатысты, дене шынықтыру суреттелген, т.б. суреттер көрсетіледі. | Оқушы өз ойларын ортаға салады. | Ауызша кері байланыс беру. «Жақсы!», «Тамаша!» | Тақырыптық суреттер. |

<table>
<tr><th>Сабақ кезеңдері</th><th>Мұғалімнің оқу іс-әрекеті</th><th>Оқушының іс-әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td></td><td>«Кел, ойланайық!» айдарымен жұмысты «Меңгерілетін білім» айдарымен үйлестіре отырып жүргізеді, оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстырады.<br><table><tr><th>Ақпарат</th><th>Дұрыс +</th><th>Бұрыс –</th></tr><tr><td>Денсаулық – адам өміріндегі ең үлкен байлық</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Денсаулық сақтау шараларын іске асыруға болмайды.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Адамның денсаулығы – қоғам байлығы.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Әр адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастырмау керек.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Дұрыс тамақтануға, уақытында демалуға, спортпен айналысуға көп көңіл бөлу қажет.</td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Айдарлар мәліметімен танысып, өзара пікір алмасады.<br><br>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>1-тапсырма. «Ортада қаламсап» әдісімен теориялық мәтінмен жұмыс жасатады:<br>1. Мәтін мазмұнын мұқият оқып, мәтінге негіз болып тұрған тірек сөздерді жаздыру.<br>2. Мәтін мазмұны бойынша оқушылар бір сұрақтан әзірлеп, алған білімдерін тексереді.<br>3. Мәтіннің мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер жазғызу.<br><br>2-тапсырма.<br><br>Екі топқа кестемен берілген тапсырмаларды бөліп орындатады.<br>1 топ: Мәтіннен кестедегі ақпараттардың дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеу.<br>2-топ. Ақпараттық мәтін деректерін терминдермен сәйкестендірту.</td><td>Оқушылар теориялық мәтін мазмұнын мұқият оқып, мәтінге негіз болып тұрған тірек сөздерді жазады.<br><br>Мәтін мазмұны бойынша оқушылар бір сұрақтан әзірлеп, мазмұн бойынша алған білімдерін тексереді.<br><br>Мәтіннің мазмұнына сай мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер жазады. Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.</td><td>Дескриптор:<br>– Теориялық мәтін мазмұнын түсінеді;<br>– Денсаулық түрлерінің қалай жіктелетінін ажыратады;<br>– Денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді қолданады.<br><br>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап, кері байланыс беріп отырады.<br><br>Оқушылар орындалған тапсырма бойынша пікірлерін дәптерге жазады.</td><td>Теориялық мәтін.<br><br>Үлестірмелі қағаздар.<br><br>Тірек-сызбалар.</td></tr>
</table>

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақ кезеңдері | Мұғалімнің оқу іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **ФИЗИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ** / **ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ**: Психологиялық жағдай; Ұйқы; Демалыс; Эмоциялық жағдай; Спорт; Позитивті ойлау; Дәрумендер; Күйзеліс; Тазалық; Отбасындағы ахуал; Медициналық тексеру; Адамдармен қарым-қатынас; Салауатты өмір салты<br>«Ойна да ойла» тапсырмасы бойынша мұғалім зертханалық жұмысты үш топқа бөліп орындатады.<br>**«Біліміңді тексер!»** айдарын кері байланыс ретінде ***«Ыстық орындық»*** әдісімен орындатады.<br>– Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?<br>– «Денсаулық» сөзін қалай түсінеміз?<br>– Неліктен денсаулық біздің байлығымыз болып саналады?<br>– Қандай кезде бетперде кию керек? | Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды.<br><br>Оқушылар ақпараттық мәтін деректерін терминдермен сәйкестендіреді | Оқушылар сұрақтарға жауап береді, материалды қалай игергенін байқатады.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Оқушылар ақпараттық мәтін деректерін терминдермен сәйкестендіреді. | Кесте.<br><br>Бағалау парағы.<br><br>Сәйкестендіру кестесі. |
| Сабақтың соңы 5 мин | **Рефлексия үшін «Желкенді кеме»** әдісін ұсынады.<br>– Егер сабақ ұнаса және тапсырманың барлығы сәтті орындалса, желкенді жасыл түске;<br>– егер сабақта қандай да қиындық кездессе, сары түске;<br>– егер тапсырмаларды орындау қиын болып, көмек қажет болса, желкенді қызыл түске боятады.<br> | Сабақты игеру деңгейін көрсететін бояу түрлерін қолданады.<br><br>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады. | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. | Желкенді кеме суреті. |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 14-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Өмір сүру қауіпсіздігі | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Жолаушының көлікте өзін ұстау тәртібі | |
| **Сабақтың мақсаты** | Қоғамдық тәртіп талабын сақтау; көлік түрлерін білу;<br>қоғамдық көлікке міну ережелерін пысықтау. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Сәлемдесіп, **«Мен кіммін?»** әдісімен сыныпта жағымды психологиялық орта қалыптастырады.<br>**«Кел, ойланайық!», «Түйін сөздер»** айдарларын байланыстыра отырып, сабақ мақсатын таныстырады. | Оқушылар өздерінің құнды қасиеті туралы айтады.<br>Сұрақтарға болжам жауаптарын айтады. | Ауызша бағалау.<br>Мадақтау сөздер: «Тамаша жауап!», «Керемет!» | |
| Сабақтың ортасы | **«Адасқан әріптер»** әдісі арқылы оқушылар зейінін сабаққа бағыттайды.<br><br>**Тапсырма шарты: адасқан әріптерді орнына қайтарып, көлік атауларын анықтап, тез жазып шығу.**<br><br>Мотоавтокөлпойыцізкльтролейкбускемавтокбусұша ик.....<br><br>Теориялық мәтінді оқып, түсіну үшін оқушылар төрт топқа топтастырылып, мәтін бөлімдерін (қоғамдық тәртіп, көлікке отыру, көлік ішінде, шығар уақытта) оқыта отырып, **«Маңызды ақпарат»** айдарымен байланыстыра толықтырып отырады.<br><br>**«Талда»** айдарындағы мәтін негізінде қоғамдық көліктегі тәртіппен танысып, талдауға жағдай тудырады.<br>«Қателерді түзет» ойыны арқылы білімдерін бекітеді. | Оқушылар «Адасқан әріптер» әдісі арқылы сөздерді тауып жазады: (автокөлік, пойыз, троллейбус, автобус, кеме, ұшақ, мотоцикл)<br><br>Теориялық мәтінді бөлімдерге бөліп оқып, топта талдайды.<br><br>Әр топ өз бөлімдерін шағын қойылым түрінде көрсетеді.<br><br>Өз түсініктері туралы пікір алмасады. | **Дескриптор:**<br>– Қоғамдық тәртіп туралы мәліметті меңгереді;<br>– Көлікке отыру ережесін біледі;<br>– Көлік ішінде өзін ұстау ережелерін есте сақтайды;<br>– Көліктен шығардағы әдептілік пен қауіпсіздік ережелерін ескереді. | Үлестірмелі қағаздар.<br><br>Суреттер. |

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңі/ уақыт</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td></td><td><table>
<tr><th>Тапсырмалар</th><th>иә</th><th>жоқ</th></tr>
<tr><td>Кеме, трамвай, автобус, такси, пойыз, троллейбус қоғамдық көлікке жатады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Көлік қозғалысы кезінде жолаушылар жүргізушіні алаңдатуы тиіс.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қоғамдық көлікті арнайы аялдамаларда немесе тротуарда күту керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Автобус не троллейбус толық тоқтағаннан кейін, жолаушыларға шығуға не кіруге рұқсат етілмейді.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Көлік қозғалысы кезінде терезеден шығуға рұқсат етіледі.</td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>«Қызықты ақпарат» айдары бойынша мәтінге қатысты деректердің ерекшелігін талдатады.<br><br>«Жағдаяттық тапсырма» айдарымен жұмыс жасатып, оқушылар пікірін тыңдайды. Кері байланыс беріп, шешімдері немесе жауаптарының дұрыстығын бағалайды.<br><br>«Өзіндік жұмыс» айдарымен жұмыс жасатып, оқулықтағы деректерге сұрақтарға жауап бере отырып, бейнеролик дайындап, әлеуметтік желіге жүктетеді.<br><br>Мұғалім кері байланыс беріп, сабақты «Топтастыру» әдісімен қорытындылатады.</td>
<td>Оқушылар «Талда» айдарындағы мәтінмен танысады. Оқулық мәліметтеріне сүйене отырып, талдайды. Мысал келтіре отырып, пікірлерін айтады.<br><br>Кестемен жұмысты берілген уақытта орындайды. «Иә», «жоқ» жауаптарын белгілейді. «Жоқ» жауабының дұрыс нұсқасын айтады.<br><br>Қызықты ақпаратпен танысады, талдайды, ортақ қорытынды жасайды.<br><br>Санжардың жағдайын талқылап, өз шешімдерін айтады.<br><br>Бейнеролик нұсқаларын жоспарлап, таныстырады. Бейнероликті әлеуметтік желіге жүктейді.</td>
<td>Дескриптор:<br>– Қоғамдық көлікке міну ережелерімен танысады;<br>– Жүргізушіге, жолаушыларға кедергі келтірмеу керек екенін біледі;<br><br>Дескриптор:<br>– әр елдегі жолаушыға құрметті бағалайды;<br>– қоғамдық көлікке көзқарастарын біледі.<br><br>Дескриптор:<br>– Оқиғаның себебі мен салдарын анықтайды;<br>– Санжарға дұрыс шешім табу жолдарын ұсына алады.<br><br>Дескриптор:<br>– Қоғамдық көлікке міну ережесін жақсы біледі;<br>– Жадынама жасап, ролик түрінде таныстырады.</td>
<td>Кесте.<br><br>https:// dz3a4. app. goo. gl/ public-</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>«Біліміңді тексер» айдарымен жұмыс бойынша сабақты қорытындылайды.</td><td>Оқушылар өз пікірлерін айтады.</td><td>Стикермен бағалап, пікірін қалдырады.</td><td>Стикерлер топтамасы.</td></tr>
</table>

Арман-ПВ баспасы

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 15-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Экологиялық мәдениет | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Жер – ортақ үйіміз. Менің айналамдағы әлем | |
| **Сабақтың мақсаты** | Жерді сақтау үшін барлық адамның жауапты екендігін түсіну;<br>экологиялық зардаптардың алдын алу жолдарын ойластыру. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Психологиялық ахуал қалыптастыру үшін тапсырма ұсынады: оқушылар назарына табиғат суреті ұсынылады. Олар суретке қарап** 3-4 сөйлеммен ойын айтуы тиіс.<br>**«Кел, ойланайық!»** айдарында мұғалім қоршаған орта туралы, экология және экологиялық зардаптар туралы ой қозғайды. Сұрақтарға жауап беру барысында сабақ тақырыбын анықтау мүмкіндігін тудырады. | Оқушылар суретке қарап, ойларын айтады.<br><br>Оқушылар *тау, дала, аспан* сөздерінің астына жасырылған сұрақтарды ашып, болжамды жауаптарын айтады. | Мадақтау сөздерімен ынталандыру.<br>«Тамаша жауап!», «Керемет» | Сурет |
| Сабақтың ортасы | Теориялық түсіндірме мәтінмен жұмыс жасату үшін «Төрт сөйлем» тәсілін қолданады. Мәтін мазмұнын негізге алып жазуға ықпал етеді.<br><br>**Жеке жұмыс.** Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы айт.<br>– Бірінші сөйлем: «Менің ойымша ... »<br>– Екінші сөйлем: «Себебі мен оны ... деп түсінемін».<br>– Үшінші сөйлем: «Оны мен ... деген фактілермен мысалдармен дәлелдей аламын».<br>– Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен... деген шешімге келдім».<br>Үш топқа бөліп, бір мезгілде үш тапсырма орындауға мүмкіндік тудырады. | Мәтіндегі ақпаратты «4 сөйлем» тәсілімен жүйелі жеткізеді.<br><br>Ұсынылған тақырып негізінде шағын әңгіме жазады. | **Дескриптор:**<br>– Экология туралы пікірін бір сөйлеммен жазады;<br>– Жер планетасы – адамзаттың үйі екенін бір сөйлеммен дәлелдейді;<br>– Экологиялық зардаптарды болдырмаудың әрекеттерін анықтайды.<br>– Өз қызметін айтады, өмірмен байланыстырады. | Оқулық<br><br>«flippity.net» платформасы |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | 1-тапсырманы орындайтын топқа Ы. Жақаевтың мәтінін ұсынып, «Ойлан. Топтас. Бөліс» әдісімен талдап, «Жер және Ер» тақырыбында жедел газет (автордың сөздері, сурет, өлең т.т.) шығаруды тапсырады.<br><br>2-тапсырма бойынша екінші топқа «Өзіндік жұмыс» айдарымен жұмысты тапсырады. Қазіргі табиғаттың жай-күйі туралы SWOT-талдау тәсілімен ой қорытып жазу ұсынылады. | Қазіргі табиғаттың жай-күйінің күшті жақтары қандай, әлсіз жақтары қандай және жақсарту мүмкіндіктері мен табиғатқа қауіптер қайдан екендігі талданады. Табиғатты сақтаудың жолдары тұжырымдалады. | **Дескриптор**<br>– Әңгіме жазады;<br>– Тақырыптан ауытқымайды;<br>– Құрылымын сақтайды;<br>– Орфографиялық норманы сақтайды.<br>**Дескриптор:**<br>– Табиғат өзгерістері туралы ақпаратты зерделейді;<br>– Талдау есебін жазады. | SWOT-талдау кестесі. |
| Сабақтың соңы | Рефлексия.<br>«Біліміңді тексер» айдарымен жұмыс жасау ұсынылады. | Сұрақтарға жауап береді. Білім меңгеру деңгейін өзі бағалайды. | «Білім ағашы» әдісімен бағалау | |

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 16-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Экологиялық мәдениет | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Біз таза аулада тұрамыз | |
| **Сабақтың мақсаты** | Аула тазалығының маңыздылығы мен рөлін ұғыну;<br>тазалық талаптары, ережелерімен танысу, жауапкершілікті түсіну. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Қызығушылықты ояту мақсатында аула бейнеленген суреттермен жұмыс жасатады. Суретке қарап, аула тазалығы және аула тазалығы үшін қандай әрекеттер жасайтыны туралы пікір айтуға жағдай тудырады.<br><br>«Таза аула не үшін қажет?» | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br><br>Қажетті мәліметтермен танысып, ой түйіндейді. | Ауызша кері байланыс беру: «Жақсы!», «Тамаша!» | Тақырыптық суреттер. |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | «Өз ауланың таза болуы үшін қандай әрекеттер жасап жүрсің?» сұрақтарын түйін сөздермен байланыстырып, сабақ тақырыбын, мақсатын анықтауға бағыттайды. | «Ой эстафетасы» әдісімен жұмыс істеп, шеңбер құра отырып, А4 парағына бір-бірін қайталамай, аула тазалығына қатысты бір сөз жазып шығады. Сөздер тізбегі бойынша сөйлем құрайды. | Марапаттау сөздерімен ынталандыру:<br>«Жақсы жауап», «Бәрекелді!». | |
| Сабақтың ортасы | Теориялық мәтінді «Түртіп алу» әдісімен оқытып, оқушылар пікірін тыңдап, толықтырады. Қосымша **«Маңызды ақпарат!»** айдарына назар аудартады.<br><br>**1-тапсырма.**<br>**«Талда»** айдарымен жұмысты топтарда «Идеялар әуешары» әдісімен орындатады. Идеяға қатысты 2 проблемалық сұрақ әзірлеу тапсырылады.<br><br>**2-тапсырма.**<br>**«Ойна да ойла»** айдары бойынша «Тез сұрыпта» ойынын жарыс түрінде ұйымдастырады. **«Қызықты ақпарат»** айдарының мәтінін пайдалануға кеңес береді.<br><br>**«Өзіндік жұмыс»** бойынша жоба идеясын тыңдайды.<br><br>Білім бекіту: «Проблемалық сұрақтар» сәтін ұйымдастырады.<br><br>Кері байланыс береді. | Мәтінді оқып, таңғалдырған немесе өздері маңызды деп ойлайтын тың ақпараттарды айтып өтеді.<br><br>«Идеялар әуешары» әдісі бойынша топтан аула тазалығын сақтауға қатысты үш идея жазылған шар ұшырылады. Оқушылар танысып, 2 проблемалық сұрақ ойластырады.<br><br>Сынып екі топқа бөлінеді. Топтар берілген заттарды тез сұрыптап, тиісті контейнерге салады (26-сурет), сұрақтарға жауап береді. Тапсырманы тез орындап, сұрақтарға дұрыс жауап берген топ жеңімпаз атанады.<br><br>Әр топтан спикерлер шығып, жоба идеясын таныстырады.<br><br>«Ыстық орындыққа» отырған оқушы проблемалық сұрақтарға жауап береді. | **Дескриптор**<br>– Мәтін мазмұнын меңгереді;<br>– Аула тазалаушылар жұмысының маңыздылығын бағалайды;<br>– Жыл мезгіліне қарай тазалау жұмыстарының түрлерін ажыратады.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Идеяның тиімділігін дәлелдей алады;<br>– Оны жүзеге асыру алгоритмін құрастыра біледі.<br><br>Өзара бағалау.<br><br>**Дескриптор:**<br>– Аула тазалығын сақтау жолдарын туралы тың идеялар ұсынады;<br>– Жоба тиімділігін дәлелдей біледі.<br><br>Топ жұмысын бағалау.<br>«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалау. | Шарлар.<br><br>Контейнерлер бейнеленген суреттер.<br><br>Оқулық. |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия.**<br>«Бір айналым ой» әдісімен орындалады. | Ойларын қағаз бетіне түсіріп, тізбектей жылжытады. | Үлестірме фигуралармен бағалау | «Бір айналым ой» парақшасы. |

АРМАН-ПВ баспасы

## Қысқамерзімді сабақ жоспары. 17-сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Экологиялық мәдениет | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 5** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Табиғаттағы іс-әрекет ережелері. Қауіпсіз демалыс | |
| **Сабақтың мақсаты** | Табиғат аясында дұрыс іс-әрекет жасауды, қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрену;<br>табиғатқа жауапкершілікпен қарауды түсіну. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс тар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Сабаққа зейінді бағыттауды **«Кел, ойланайық!»** айдары сұрақтарымен байланыстырып, «Сиқырлы сандық» әдісі арқылы жүзеге асырады. Сандықтан шыққан сұрақтарға жауап берілген соң тақырыпқа өтеді. Оқушыларды сабақтың тақырыбымен, оқу мақсаттарымен және бағалау критерийлерімен таныстырады.<br>1-топ – Орман.<br>2-топ – Табиғат.<br>3-топ – Экология. | «Сиқырлы сандық» сұрақтарына жауап береді.<br><br>Түсті қағаздар арқылы оқушылар топтарға бөлінеді, топтың атын құрып, топ басшысын сайлайды. Оқушылардың жауаптары арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды. | Ауызша бағалау:<br>– Пай-пай!<br>– Ой, пәлі!<br>– Бәрекелді!<br>– Пah, шіркін!<br>– Азамат! | Тақырыптық суреттер. |
| Сабақтың ортасы | Үш топ теориялық мәтінді үш бөлімге (табиғаттағы серуен, қауіпсіз демалыс, сақтық шаралары) бөліп, оқып-танысуына, пікір алмасуына жағдай тудырады. Талдау барысында «Маңызды ақпарат!» материалын қосымша қамтуды ескертеді.<br><br>«Талда» айдарымен жұмысты «Табиғат» тобына, «Жағдаяттық тапсырма» айдарымен жұмысты «Орман» тобына және «Өзіндік жұмыс» айдарымен жұмысты «Экология» тобына бөледі.<br>Әр топтың өз тапсырмасын өзге топтарға түсіндіру ерекшелігіне, айтылған ақпараттың маңыздылығын жарнамалауына мән беріп, бағалайды. | Теориялық мәтінді оқып, талдайды.<br><br>Әр топ өз тапсырмаларымен жұмыс істеп, оны өзге топтарға түсіндіреді. | flippity.net платформасы арқылы бағаланады.<br><br>ҚБ<br>Мадақтау.<br><br>Өзін-өзі бағалау.<br>Әдісі: «Бағдаршам». | flippity.net платформасы<br><br>Үлестірмелі қағаздар. |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс тар |
|---|---|---|---|---|
| | Сабақты қорытындылау мақсатында үш топқа төмендегідей тапсырмалар береді:<br>Табиғат аясындағы демалыс ережелерін құрастыру;<br>Табиғатты қорғаудың халықтық дәстүрлері туралы ақпаратпен таныстыру;<br><br>Серуенге қажет құрал-жабдықтар тізімін жасау.<br><br>«Білімінді тексер» айдарымен жұмыс жасатады.<br>«Ой жарғысы» әдісімен кері байланыс ұйымдастырады.<br><br>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап, кері байланыс жасайды. | Табиғат аясындағы демалыс ережелерінің кестесін жасайды.<br>Табиғатты қорғаудың халықтық дәстүрлерімен таныстырады.<br><br>Серуенге қажетті құралдардың тізімін жасайды.<br><br>Оқушылар «Ой жарғысы» әдісін орындау кезінде өз пікірін ұялы телефонға жазып, әлеуметтік желіде жариялайды.<br>Алдымен біз былай деп ойладық ...<br>Одан кейін біз мына проблемаға тап болдық ... Проблеманы шешу үшін ... жасадық.<br>Бұдан біз ... көрдік.<br>Демек, бұл мынаны білдіреді ... | Оқушылар жарияланған бейнематериалға лүпіл басады.<br><br>Лүпіл санымен жеңімпаз анықталады. | Кесте.<br><br>ҚБ парағы.<br><br>Суреттер, буклеттер |
| Сабақтың соңы | Рефлексия.<br>«Мен және табиғат» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырады. | «Мен және табиғат» тақырыбында сурет салып, өз суретін сабақ тақырыбымен байланыстыра түсіндіреді. | Стикерлер арқылы бағалау. | Суреттер.<br>Стикерлер. |

# ҚОСЫМШАЛАР

**№1-қосымша**

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№399 бұйрығына
68-қосымша

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы**

Ескерту. 68-қосымша жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 №467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Жаһандық құзыреттер» курсының оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген).
2. «Жаһандық құзыреттер» курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдеп нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.
3. Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру.
4. Курстың міндеттері:
   1) білім алушылардың азаматтық ұстанымын және өз елінің мүддесіне қызмет етуге дайындығын қалыптастыру;
   2) білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту: адалдық, әдептілік, ізгі ниет, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік;
   3) білім алушыларда медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру;
   4) салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
   5) экологиялық мәдениетті дамыту;
5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
   5-сыныпта аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат.

Арман-ПВ баспасы

## 2-тарау. Оқу курсының базалық мазмұны

6. Курстың оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген бес бөлімнен (юниттер) тұрады.

«Этика және әдеп» бөлімі (юнит) білім алушылардың бойында адалдық, тәртіптілік, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, әдептілік, ізгі ниет, және ұжымда жұмыс істей алу сияқты жеке қасиеттерін дамытуға, мінез-құлық мәдениетінің стандартын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Азаматтық және патриотизм» бөлімі (юнит) өзін ел азаматы ретінде сезінуге, өзінің Отанға қатыстылығын сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге, азаматтық ұстанымын көрсетуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

«Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімі (юнит) медиа кеңістіктің құралдарын талдауға, бағалауға және пайдалануға мүмкіндік беретін дағдыларды, сондай-ақ қаржыны басқару және өзінің қаржылық әл-ауқатын қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Өмір сүру қауіпсіздігі» юниті қауіпсіз мінез-құлық, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі (юнит) өз денсаулығына, табиғатқа ұқыпты қарайтын, қоршаған ортаға теріс әсердің салдарын түсінетін және белсенді табиғатты қорғау қызметін жүргізетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

### 1-параграф. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушыларда:

1) азаматтық ұстаным;
2) әлеуметтік жауапкершілік;
3) мінез-құлық мәдениеті;
4) басқаларға көмекке дайын және құрметпен қарайтын;
5) салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары;
6) сыни, креативті және шығармашылық ойлау дағдылары;
7) алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары;
8) зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдылары.

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныбы үшін «жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.



АРМАН-ПВ баспасы

# ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ЖОСПАР

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Күтілетін нәтиже (соңғы өнім) |
|---|---|---|---|
| Этика және әдеп | | | |
| 1 | Барлығы сәлемдесуден басталады | 3 | Ситуациялық есептерді шешу<br>Бейнероликтерді дайындау |
| 2 | Мен достарымның ортасындамын | | |
| 3 | Мен өз әрекеттерім үшін жауаптымын | | |
| 4 | Ата-аналарға ризашылық білдіруді үйренеміз | | |
| 5 | Дастарқан басындағы әдеп<br>Дастарқан жаю | | |
| 6 | Қоғамдық көлікте, театрда, кинотеатрда, мұражайда өзіңді қалай ұстау керек? | | |
| Азаматтық және патриотизм | | | |
| 1 | Отбасындағы өзара сыйластық | 3 | Әлеуметтік жоба<br>«Өзімді құрметтеу басқаларды құрметтеу» психологиялық картасы<br>Ситуациялық есептерді шешу |
| 2 | Мен өз Отанымды мақтан тұтамын! | | |
| 3 | Түрлі көзқарас біртұтас ұлт | | |
| Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | | | |
| 1 | Әлеуметтік желі дегеніміз не? | 5 | Жоба<br>Зерттеу жұмысы<br>Аккаунт жасау<br>Постерлер жасау<br>Конкурстар<br>Диаграммаларды, инфографиканы құру<br>Ситуациялық есептерді шешу |
| 2 | Әлеуметтік желідегі менің аккаунтым | | |
| 3 | Алғашқы ақша және олардың функциялары қалай пайда болды? | | |
| 4 | Адам еңбегі қалай бағаланады? | | |
| 5 | Отбасының кірістері мен шығыстары неден тұрады? | | |
| 6 | Қалта ақшасын қалай басқаруға болады? | | |
| Өмір сүру қауіпсіздігі | | | |
| 1 | Үй, аула, мектептегі қауіпсіздік | 4 | Жоба<br>«Үйде жалғыз: қауіпсіз болу» рөлдік ойындары,<br>«Қалай көмек сұрауға болады?»<br>Ситуациялық есептерді шешу |
| 2 | Отпен ойнама! | | |
| 3 | Менің қауіпсіздігім – менің қолымда | | |
| 4 | Менің денсаулығым – менің қолымда | | |
| 5 | Жолаушының көлікте өзін ұстау тәртібі | | |
| Экологиялық мәдениет | | | |
| 1 | Жер – біздің ортақ үйіміз | 3 | Жоба<br>Акцияның экологиялық тәсілі<br>Ақпараттық буклеттерді әзірлеу<br>«Табиғат – жаратушының бізге берген сыйы» тақырыбындағы суреттер байқауы |
| 2 | Менің айналамдағы әлем | | |
| 3 | Біз таза аулада тұрамыз | | |
| 4 | Табиғаттағы іс-әрекет ережелері | | |
| 5 | Қауіпсіз демалыс | | |

АРМАН-ПВ баспасы

# Ізденіс пен шеберлік алаңы

Ұсынылған оқулық – мұғалім мен оқушыға арналған қолданыс құралы және тәжірибе, ізденіс пен шеберлікті ұштау бағдары. Мектепте оқытуды ұйымдастыру формасы – сабақ, ал жаңашыл әрі нәтижелі сабақ – заманауи талапқа сай, тың әдіс-тәсілдер жүзеге асырылатын, шығармашылық (авторлық) ізденіс әлемі. Олай болса, оқулық пен мұғалім шеберлігі – бірін-бірі толықтырып отыратын теория мен тәжірибе үйлесімі.

Бұл бағытта оқулық құрылымында мұғалімге көмек болар айдарлар қарастырғанымызды алғы сөзде айтып өттік. Білім беру үдерісін ұйымдастыруда оқушының жас ерекшелігіне байланысты мұғалімге жеңіл болуы үшін айдарларды үш топқа бөлдік:

| Білімді меңгеру дағдыларының топтамасы | Белсенді танымдық әрекеттер топтамасы | Психологиялық қолдау топтамасы |
|---|---|---|
| *«Меңгерілетін білім»* – сабақ мақсатын анықтау.<br>*«Түйін сөздер»* – сабақ мазмұнына қатысты ойларды түйіндейтін сөздер.<br>*«Маңызды ақпарат»* – тақырыпқа қатысты ұғымдар, мәліметтер, деректермен танысу.<br>*«Біліміңді тексер!»* – кері байланыс, сабақ соңында өзіне ұнаған маңызды ақпарат туралы ой бөлісу. | *«Талда!»* – тақырыпқа қатысты ой тұжырымдау, ұсынылған ақпаратты талдау, өз түсінігін айту (жазу).<br>*«Өзіндік жұмыс»* – жеке, жұппен, топпен орындалатын ізденіс тапсырмалары.<br>*«Ойна да, ойла!»* – рөлдік, танымдық, іскерлік және геймификациялық ойындар.<br>*«Жағдаяттық тапсырмалар»* – түрлі жағдаяттарда шешім қабылдап үйренуге арналған тапсырмалар | *«Кел, ойланайық!»* – сабақ тақырыбын қозғау алдындағы ойтолғаныс, зейін бағыттау.<br><br>*«Қызықты ақпарат»* – тақырыпқа қатысты қызығушылығын арттыратын қосымша мәліметтер. |

Топтама атауларында айдарлар қызметінің мазмұны мен білімді меңгерту аспектілері айқын тұр. Бұл айдарлар оқу мен оқыту алгоритмі десек те болады. Мысалы: «Кел, ойланайық!» сабақ тақырыбына зейінді бағыттау болса, «Түйін сөздер» – сабақ мазмұнына қатысты ой түйінін бала жадына сіңіру, «Меңгерілетін білім» – сабақ мақсатын анықтау, «Біліміңді тексер!» сабақ соңындағы кері байланыс қызметін атқарады.

Құндылықтар ұғымы, және сезім, түйсіну, жады, зейін т.б. ұғымдармен жұмыс бағыттары «Ойна да, ойла!» ұсынылған ойын үлгілері мұғалім таңдауымен ұсынылатын ұстанымдармен толығып немесе алмасуы мүмкін. Ауыстырылмаған жағдайда, оқушы қолданысына сай таңдалған нақыл сөздер құнды ой салары сөзсіз.

«Қызықты ақпарат» тақырыпқа қатысты қызықты қосымша мәліметтерді ұсынумен қатар, оқушының өз ісін жоспарлауына, ізденіс жұмыстарына қызықты тақырып ретінде қызмет етуі даусыз. «Қызықты ақпаратта» жаһандық тәжірибе, қазақ ғұламаларының әлемдік деңгейде атқарған істері және т.б. тақырыптарды қозғайды.

Ескерте кететін немесе ұсыныс ретіндегі ойларымызды қоссақ:

– Тапсырма ауқымды болса, бала жасы мен мүмкіндіктеріне қарай лайықтап, қысқаша тұжырымдап беру;
– Тапсырма сабақтағы уақыт мөлшерінен артық деп ойласаңыздар, жинақталған тапсырма ретінде ұсыну;
– Таңдау жасай отырып ұсыну;
– Өз тапсырмаларыңызбен ауыстыру мүмкіндігі бар екенін ескеру.

Тапсырманы оқулықта берілген күйде қайталау міндетті емес екенін, өз мүмкіндіктері мен оқушылардың ақпаратты қабылдау, шығармашылық ерекшеліктеріне қарай түрлендіре

АРМАН-ПВ баспасы

ұсыну ұтымды екенін тәжірибелі мұғалім жақсы біледі. Тәжірибе тереңдеп, шеберлік шыңдала берсін, әріптестер!

**«Кел, ойланайық» айдары – тақырыпқа қатысты сұрақтармен жұмыс, тақырыптың мәнін ашуға бағдар беру**

Оқушылар негізгі тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап іздеу, берілген мысалды талқылау, пікір алмасу, пікір таластыру, сұхбаттасу т.б. форматта  орындау арқылы тақырыптың мазмұнын ашып, ойларын тұжырымдап, бүгінгі тақырып мазмұнына бағдар алады, болжам жасайды.

Ұсынылған сұрақтармен жұмысты мұғалім өз қалауына қарай түрлі жұмыс формасында ұйымдастырғаны жөн. Мысалы: сәлемдесу әдебіне қатысты ойларды талдап, өз пікірлерін айтумен қатар, сәлемдесудің мәні мен маңызын түсіну үшін оқушылардың барынша әрекет, қозғалыс, қызықты әрі жедел ұйымдастырылған (күтпеген кездесу, бейтаныс адаммен сәлемдесу, көпшілікке сәлем беру, үлкен кісіге сәлем беру т.т.) жағдаяттар арқылы жүзеге асыруы да өте маңызды. Біздің ойымызша, бұл әр жағдайда оқушының өзін мәдениетті ұстай білуіне баулитын, есте қалатын әрекет болар еді.

Дос, өз әрекетіне жауапкершілік, ризашылық білдіру – бірін-бірі толықтыратын адамгершілік тақырыптары. Сұрақтар да осы бағытта ойлануға бағдар.

– Жақсы дос қандай болуы керек?
– Өз әрекеттерің үшін жауап бере аласың ба?
– Ата-анаға ризашылығыңды қалай жеткізер едің?

Тапсырманы түрлендіре түсуге төмендегідей мысал келтірсек. Мысалы, М.Мақатаевтың өлеңі бойынша дос, жауапкершілік, құрмет ұғымын ашуға бағдар беру  ұтымды болар еді.

Досым, саған сенемін. Сеніп өтем!
Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.
Достық деген – адамның көрігі екен,
Достық деген адалдың серігі екен.

*Мұқағали Мақатаев*

Келесі тақырыпта айдар дастарқан тақырыбын ашуға бағытталады.

- Дастарқан неліктен қасиетті орын деп саналады?
- Дастарқан әдебі қандай болады?
- Қазақ халқының дастарқан жаю ерекшелігі неде?

Бұл тақырыпты ашу үшін «Түйін сөз», «Маңызды ақпарат» айдарларын қолданса, онда өте ұтымды қадам болар еді.

Оқушы үшін қоғамдық көлік, көпшілік орындардағы әдеп мәселесіне қатысты білім көзін игеру осы тақырыпқа қатысты қызықты мәліметтерді білуге бағдар болады.

- Қоғамдық көліктің қандай түрлерін білесің?
- Театр қандай орын?
- Кинотеатрдың ерекшелігі неде?
- Мұражай неге киелі орын?

Олай болса, осы тақырыпта ұсынылған екі «Қызықты ақпарат» оқушы үшін тиімді кірігіп, пікірін білдіруге жетелер еді.

Қазақ топырағының қасиетін сезініп, кіндік қаны тамған жердің дәстүрлерімен рухтанған ұрпақ тәрбиесі – басты мәселе. Бұл тұрғыда айтарымыз, сұрақты қояр алдында бір ми-

АРМАН-ПВ баспасы

нуттік бейнематериал ұсынып кетсе (кең дала, ұлттық мереке, қазақ ғарышкерлері, спортшы құрметіне ту көтерілу т.т. көріністерімен), әріптестің ұтымды әрекеті болып табылып, ол төмендегі сұрақтардың мағынасын ұғынуға себеп болар еді.

- Отан дегенде көз алдыңа не келеді?
- Қазақстанда туғаныңды мақтан тұтасың ба?
- Ұлт деген не?
- Өзге ұлттар біздің елге қалай келген?

Айтпақ ойымыз, «Кел, ойланайық!» сұрақ қоя отырып ойландырумен қатар, оқушыға өз ойын айту үшін қолданатын ақпарат, мәлімет, деректі ұтымды әрі сауатты қолдануға бағдар беру айдары.

**«Талда» – ұсынылған ақпаратты талдау, өз түсінігін айту (жазу)**

Бұл айдармен жұмыс өте маңызды және оқушының бірқатар қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Оқушы талдау барысында проблеманы анықтау, көтерілген мәселенің шешімін табу мақсатында талдау ұйымдастыру және сындарлы шешімге келу қадамдарын меңгере бастайды. Бұл оқушылардың логикалық және сыни ойлау, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға қызмет етеді. Алайда мұғалім бұл талаптарды оқушының жас ерекшелігі мен оқушының жеке қабілет, мүмкіндік өрісіне қарай жүзеге асырады деп сенеміз.

Берілген тапсырманы түрлендіре өткізу, айдар мақсатын жүзеге асыру және оқушының мүмкіндіктерін барынша арттыру – өз оқушыларының қабілетін жақсы білетін мұғалімнің белсенділігі мен шеберлігінің көрінісі. Сонымен қатар ол коммуникативтік құзыреттілік дамуына қолайлы орта құру арқылы:

- накты өмірлік жағдаяттарда тілдік қатынас құралдарын қолдану;
- сөйлеу стилі мен керекті жанрды таңдау, қолдана білу;
- өзінің көзқарасын этикет нормаларына сәйкес жеткізу;
- өнімді әрекет және қарым-қатынас диалогын құра білу, кез келген жағдаятта шешім тауып жүзеге асыру;
- топтағы шығармашылық пен іскерлік, адамдармен топта қарым-қатынас орнату мүмкіндіктерін мен қабілеттерін арттырады.

Көріп отырғандай, жас ерекшелігін ескеріп, бастапқы қадамдарымен «тәй-тәйлеп» жетелегендей күйде ілгерілете бермек. Тапсырма үлгілеріне төмендегідей тоқтала кетсек.

Дастарқан әдебі – әр адам үшін өмірдегі маңызды дағдылардың бірі. Қазақ халқының ежелден келе жатқан тағылымы бойынша дастарқан – қонаққа ықылас, асқа құрмет, әдеппен тамақтанумен қатар, келелі кеңес, игілікті идеялар мен серіктестік пен келісімге келер жанды тану мүмкіндігі.

Дастарқанға, қонақ күту әдебі, дастарқан мәдениетіне байланысты ойларын үш немесе бес тоқтам, әрине, оқушының өзінің ойы мен ұстанымы, алайда ұлттық құндылықтардан, ізгіліктен ауытқымауы, керісінше заманауи үлгіде толыға түскені абзал.

*Үлгі:*

Тамақтануды бастау үшін бата беруді күту – денсаулық күтіміне мүмкіндік көзі. Ғалымдар ас сіңімді болу үшін, ас алдында су ішіп алуға кеңес береді. Дастарқанға отырмас бұрын су ішу, біріншіден, асқазанды ас қорытуға дайындайды, екіншіден, тоқтық береді, асты асықпай, баппен жеуге жағдай тудырады.

Әлеуметтік желі барлық өңірде қолжетімді, қолдану қарқынды дамыған кезде оқушыға медиасауаттылықты үйрету – өз кезеңіндегі жұмыс. Әсіресе, интернетті көп пайдаланудың



Арман-ПВ баспасы

зияны мен пайдасы туралы ой тастау, оны талдату аса қажет. Алдымен интернетке тәуелділікке қатысты ойды талдатқан соң, тапсырманы орындау оқушыға жеңіл болары анық. Яғни оқушы жас ерекшелігіне сай интернетке тәуелділіктің алдын алу туралы ұсыныстарын жазып шықса, соның барысында қандай шара ұйымдастыруға болатынын анықтай алады. Мысалы: «Интернеттегі уақыт» бір минуттық пікірлер бейнежазбасын жариялау, «Интернет және кітап» челленджі, «Интернеттен де игілікті сәттер» түрлі үйірмелер, даладағы еңбек т.т. шараларды насихаттау.

Тағы бір қызықты кеңес – оқушыға «Талда» айдарын берілген теориялық материалмен қатар меңгерту мүмкіндігі. Мәселен, теориялық түсінік материалын төмендегідей үш бөлімшеге бөліп, үш топқа ұсынуға болады. Әр топ өз бөлімімен бірге «Талда» айдарымен таныса отырып, өз бөлімімен байланыстырады.

Мысалы:

1-топ.

Қазір қоғамның өмірін ақшасыз елестету мүмкін емес. Өйткені ол – тіршілікке қажет заттарды алуға қажетті төлем құралы. Ерте замандарда адамзат ақшасыз да өмір сүрген. Біреулері күнкөріс үшін мал бағумен, еенді бірі егін егумен айналысқан. Бұл **натуралды шаруашылық** деп аталады. Кейін келе натуралды айырбас әдісі жүзеге аса бастаған, яғни малды ұнға немесе керісінше алмастырған. Біртіндеп төлем құралы – ақша пайда болған. Қағаз ақшаның VIII ғасырда Қытайда пайда болғанын саяхатшы Марко Поло айтқан. Алайда қағаз ақша Еуропада тек XV ғасырда ғана қолданыла бастады. Франция, Англия, Америка Құрама Штаттары және басқа елдер бұл айырбас түріне тек XVII–XIX ғасырлар аралығында көшті.

| **Ежелгі ақшаның пайда болуы** | **Қазақстанның төл теңгесінің жасалуы** | **Ақшаның пайда болуы мен уақыт өзгерісіне қарай қызметі туралы өз ойым** |
|---|---|---|
| | | |

2-топ.

Әр елдің өз валютасы бар. Банкноттың номиналы – елдің ішкі нарығындағы ақша белгісінде көрсетілген құн. Қазақстанда ақша номиналы 1 теңгеден басталады. Ең ірісі – 20 000 теңге. Ақша – есеп айырысу бірлігі, яғни түрлі нәрселерді сатып алу үшін қолданады. Ақша арқылы заттардың қанша тұратынын бағалаймыз. Қажет кезде жұмсау үшін ақша қорын жинап қоюға болады. Ақшаның түрлері: қағаз ақша, металл ақша, электронды ақша. XX ғасырдағы пластикалық карталар – электрондық әмиянның бір түрі. Адам еңбегі де ақшамен бағаланады.

| **Әр елдің валютасы және ақша түрлері, қызметі** | **Қазақстанның төл теңгесінің жасалуы** | **Ақшаның пайда болуы мен уақыт өзгерісіне қарай қызметі туралы өз ойым** |
|---|---|---|
| | | |

3-топ.

Адам жұмыс істегенде күш жұмсайды. Ол білек күші немесе ақыл-ой күші болуы мүмкін. Дене немесе білек күші арқылы жасалатын еңбек нәтижесінде тұрғын үйлер, әсем ғимараттар, жиһаздар, жолдар мен көпірлер, ауылшаруашылығы, азық-түлік пен киімге т.б. заттарға қол жеткізіп отырмыз. Ал ақыл-ой еңбегіне мәдениет саласындағы жетістіктер (музыка, әдебиет, сурет пен сәулет), ғалымдар еңбектері жатады. Адам еңбегі жасаған жұмыс көлеміне, сапасына қарай бағаланады. Адам атқарған еңбегі үшін еңбекақы, сыйақы алады.



АРМАН-ПВ баспасы

Адамның еңбегі, еңбек саласындағы құқықтары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі және басқа да заңдармен қорғалады.

| Еңбек және ақыл-ой күші. Адам еңбегінің бағалануы, қорғалуы. | Қазақстанның төл теңгесінің жасалуы | Ақшаның пайда болуы мен уақыт өзгерісіне қарай қызметі туралы өз ойым |
|---|---|---|
| | | |

Топта жұмыс істеп, мұғалімнің жетекшілігімен талдап, мағынасын ұғынған соң, топтарды ақпарат мазмұны қамтылатындай қайта құруға болады. Жаңа топтар өзге ақпараттарды бөліп алып, өз білімдерін он минуттық «Білім алаңында» бөлісе алады.

Қаржы жұмсау сауаттылығы, біліктілігі қашанда аса қажет. Осы бағытта берілген екі тапсырма негізінде оқушы талдай отырып, өз өміріндегі маңызды дағдыларды сіңіреді. Бірінші тапсырма қаржы сауаттылығының маңызын сезіндірсе, оны назарға алуына ықпал етсе, екінші тапсырма өз ойын жүйелеуде, нақыл сөздер мен қанатты сөздерді қолдану, оның мәні мен маңызы және іскерлік дағдыларын қалыптастыру қағидаттары екенін жете түсінуіне әсері болмақ.

1. Сұрақтар бойынша жұпта пікір алмасыңдар. 1) Сен қаржы сауаттылығын меңгеру керек деп ойлайсың ба? 2) Отбасыңа ақша үнемдеуге көмектесу керек болса, не істер едің? 3) Сен өзіңе берілген ақшаны (қалта ақшасы, сыйлыққа берілген ақша) қалай жұмсайсың?
2. Мақалдар мен нақыл сөздердің мағынасын талдаңдар.
    1) Теңге тиыннан өсер,
       Тұлпар құлыннан өсер.
    2) Теңге – тиыннан,
       Ынтымақ – ұйымнан.
    3) Аш адамға балық берме, қармақ бер.
3. Білім малы жоққа – түгесілмес мал,
   Қаржысы жоққа – таусылмас қаржы.
4. Барлық адам ақшаның жоқтығына шағымданады, ал ақылдың аздығы туралы сөз қозғамайды. (*Еврей халқының мақалы)*
5. Ақша – биліктің бір түрі, бірақ қаржы сауатылығы одан да құдіретті күш. (Роберт Кийосаки)

«Экологиялық мәдениет» бөлімінде табиғатты аялау, оған қамқорлық жасаумен қатар еңбекқорлық тақырыбын қамтуда жерге маңдай терімен қызмет еткен дихан еңбегін тілге тиек еттік. Сіз өз өңірлеріңіздегі немесе оқушының әулетіндегі еңбек адамы туралы ақпаратпен алмастыруыңызға болады. Төмендегі тапсырма аты аңызға айналған Еңбек Ері, атақты күрішші Ы. Жақаевтың сөздерін оқып, талдап, топтар арасында «Жер – ғажап ғаламшар» тақырыбында коллаж құрастыру мақсатында берілген. Тіпті осы коллажға өз кейіпкерлерін жинақтап отыруды «Еңбек адамына тағзым» тақырыбында әр сабақтың екі минутын бөліп жалғастыруға болады.

Барша байлықтардың анасы – Жер. Жерді күтіп-баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игеріп ала білу, табиғатпен қоршаған ортаны түлетіп, гүлдендіре беру өз қолымызда. Ел мен жер – оның көгілдір орманы мен мөлдір көлдері, байтақ даласы мен асқақ таулары – біздің басты байлығымыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына. Міне, осы қазынаны аға ұрпақ өкілдері біз де, жас ұрпақ – сендер де, барлығымыз да көз қарашығындай сақтап, ел игілігіне жұмсауымыз қажет. Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Әрбір ағашты, әрбір бұлақты, жалғыз дәнді де ыжда-



АРМАН-ПВ баспасы

һаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі. Жердің төсін еміп, жемісін теріп жеген адамзат нендей ғажаптарды осы жер бетінде жасайды. Жер... Қасиетті де қастерлі жер. Сен ыстықсың бәрінен де. Сенің бойыңда өзекті жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. «Жер» – қандай қасиетті сөз. Осы бір сөзде бүкіл тіршілік тынысы тұрғандай. Бұл сөздің терең мағынасын адам тілімен айтып жеткізіп алар ма, сірә?!

*Ыбырай Жақаев*

Осы талдауды топтастыру ретінде тез жасатуға болады.




Сонымен бірге тапсырмаларды түрлі әдістермен жасату: жинақтау, кесте-сызбалар жедел орындатуға, уақытқа белгіленген сұрақтарға жауап беру түріндегі «Жедел білім сайысы», «Төңкерілген сынып» әдістерін және тағы басқа тәсілдерді қолдану уақытты тиімді пайдалануға жол ашады.

Тапсырмамен жұмыс, оны талдау шынайы тәжірибе көзі болмақ. Талдау белсенділікті арттырып, тақырыпты жақсы меңгеруіне жағдай туғызады. Оқу-тәрбие үдерісі нәтижелі болуына ықпал етеді. Оқушының танымын тереңдетіп, рухани және эстетикалық дамуына бағытталған іс-әрекеттер жүйесін құруға, іскерлік қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

## «Ойна да, ойла» және «Жағдаяттық тапсырма» айдарлары

Бұл айдарларда ойын түріндегі іскерлік, рөлдік және жағдаяттық тапсырмалар қарастырылады. Мысалы:

1) Рөлдік ойындар.
– Мәтінді рөлге бөлініп оқып шығу. (Құнанбай ауылының Жанқұтты шешенді қалай күтіп алып, құрмет көрсеткені туралы мәтін). Өз әсерін суреттеу.
– Рөлде ойнау. «Радиоға қоңырау шалу» рөлдік ойыны. Камера алдындағы рөл, тікелей эфир, радио тыңдаушылар аудиториясымен жұмыс ерекшелігін сезіну.
2) Іскерлік дағдысын қалыптастыру ойындары.

**«Кірісті еселеу» ойыны**

Сен «Капитал», «Миллионер» сияқты ойындар барын білетін шығарсың? Ал біз «Кірісті еселеу» ойынын ойнап көрейік. Ол үшін кіріс көзінің номиналдарын қағазға жасап ал. Ол, әрине, 5 теңге, 10 теңге, 20 теңге, 50 теңге, 100 теңге, 500 теңге, 1000 теңге,

2000 теңге, 5000 теңге, 10000 және 20000 теңгеліктер.

Ойынның шарты бойынша біз есеп картасын жасаймыз. Ол бізге ақшаның жұмсалуын және сақталуын анықтауға мүмкіндік береді (1-кесте).

**«Үйде жалғыз қалу және қауіпсіздік» рөлдік ойыны.**

Мақсаты: үйде жалғыз қалған жағдайларды бағалау және қауіптің алдын алу қабілетін дамыту. Шартымен таныса отырып, логикалық ойлау іскерлігін дамыту мәселесін өз оқушыларыңыздың бейімі мен мүмкіндігіне қарай ұйымдастырсаңыз болады.

Арман-ПВ баспасы

3) Зерттеу қабілеттерін дамыту ойындары.
«Өзіңді құрметтеу – өзгені құрметтеу» (психологиялық карта)
«Біздің белсенділігіміз жүрегімізге қалай әсер етеді?»
«Тез сұрыпта» ойыны.

Берілген ойын түрлері зерттеу, аңдап, байқау, пайымдау әрекеттерін дамытады. Алдыңғы тапсырма өзін зерттеуге, екінші тапсырма бақылау дағдысын дамытуға, үшінші тапсырма зерделеуге тығыз байланысты.

Жағдаяттық тапсырмалар – оқушыларды жағдаятпен бетпе-бет келтіріп ойландыру, іздендіру, сол арқылы өз беттерінше шешім табуға баулу тәсілі. Әр мұғалім жағдаяттық тапсырмалармен, ойын үлгілерімен жұмыс жасау үшін сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктерін, психологиялық ерекшеліктерін, белсенділігін толық білетін болғандықтан, өз сыныбының ахуалына қарай құруы ұтымды. Сонда ғана оқушыға жайсыздық тудырмау, білімін шыңдау, проблеманы анықтау шынайы болып, даулы сұрақтарды шеше алатын, көшбасшы дағдыларын дамыту, шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлғаны тәрбиелеп шығару жүзеге асады.

Мысалы: достар, достық қарым-қатынасқа қатысты тақырыпты ашатын уақытын ойынға ұттырған Дарқан досына қандай қолдау көрсету және әрдайым әртүрлі оқиғаларға ұшырап, бірдеңені бүлдіріп жүретін Аңсармен бірге болған Санжардың ақталуының дұрысы мен бұрысын анықтау – бала үшін шешім табуда мүлт кетпеуді талап ететін сынақ.

Дастарқан басындағы мәдениеттілік (телефонмен сөйлесу, асхана аспаптарын қолдана білу, қонаққа құрмет т.б.), әдепті бойға сіңіруде жағдаяттық тапсырмалардың үлесі зор.

Өмір қауіпсіздігі туралы жағдаяттар оқушының (бейтаныс адам көлігіне шақырса) күмәндану және қиындық туындаған немесе апатқа ұрынған жағдайда шешім қабылдауға дайындайды. Мәселен, адасып кеткен Санжарға кеңес беру арқылы өзіне қажет ақпаратты ойда сақтау.

Ойын түрлері (рөлдік, іскерлік т.т.) оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына зор мүмкіндік береді. Өзі қатысу, жағдаятты өз бойынан өткізу оқушы үшін шабыт әлемі болмақ. Ойын арқылы әрекетті жасатудың маңызы зор.

Жаһандық өркениетке жету үшін ұрпақтың білімді, парасатты, жан-жақты болып өсуі – бәрімізге ортақ абыройлы міндет. Ойын мен жағдаяттық тапсырмалар – осы абыройлы биікке бастар жол.

**«Өзіндік жұмыс» – іздендіре оқыту, жеке, жұппен, топпен орындалатын тапсырмалар**

Оқушының өзіндік жұмыс тапсырмасымен жұмыс істеуі – өз бетімен білім алуға дағдылану бастауы. Оқулықта ұсынылған тапсырмаларды мұғалім оқушы мүмкіндіктеріне қарай өзгертіп, жеке тапсырма ретінде ұсынуына немесе топтарға бөліп, өзге айдарлармен үйлестіріп ұсынса да болады. Оқулықты әзірлеушілер өзіндік жұмыс нұсқаларын түрлі форматта беруге көңіл бөлді. Назар аударсақ, өзіндік жұмыс тапсырмалары QR код арқылы, сызба, кесте түрінде ұсынылған. Төменде біраз тапсырмаларды шолу жасай отырып ұсынсақ.

Атақты жазушы Мұхтар Әуезовті әжесі кішкене кезінде ертіп апарып, Абайға сәлем бергізген екен. Бейнежазбаны көріп, ақынның қандай өсиет айтқанын өз сөзіңмен жаз.

АРМАН-ПВ баспасы

Достық деген не? Сызбаны толықтырып, талқыландар.




1. Достық, жауапкершілік туралы мақал-мәтел, қанатты сөздерді жаз.
2. Оларды қолдана отырып, тақырыпқа қатысты шағын пікір жаз.

Бейнежазбаға пікір жазу, топтастырылған ұғымдарды жинақтау оқушыларға қиындық тудырмайды. Алайда өз оқушыларының мүмкіндігіне қарай мұғалім тапсырманы тереңдете, күрделілендіре алады. Келесі тапсырмада аукцион өткізу ұсынылған. Сөздерді аукционға салу, таңдау жасау – үлкен жауапкершілік. Оқушы рух беретін сөздің мысын салмақтай білуі керек. Әрине, өз кезегінде мұғалім жетекшілігімен жүзеге асырылатыны да шындық.

1. Берілген сөздердің арасынан отбасының ынтымағын арттыратын бес сөзді таңда. Өз таңдауыңды түсіндір. «Рухты сөздер» аукционын ұйымдастырыңдар.

*Сүйіспеншілік, әдептілік, жауапкершілік, әділдік, тазалық, жанашырлық, достық, төзімділік, қамқорлық, сыйластық, мейірімділік, құрмет, даналық, сабырлылық.*

2. Мәтінді тыңдап, Абайдың өз отбасында қандай дәстүр қалыптастырғанын айтыңдар. Бұл отбасы бірлігін, сыйластығын арттыруға ықпал ете ме, қалай ойлайсың?
3. «Біздің бақытты отбасымыз» жобасын жаса. Оны отбасыңмен талқылаңдар. Содан соң қолданысқа енгізіңдер.

Жоба жасау ауқымды уақыт үлесін алады деген пікір бар. Бірақ біз оқушылардың жас ерекшелігіне қарай постерлік сызба ретінде топта идеяны жинақтатып, өз пікірлерін айтуына мүмкіндік беретін жедел жоба құруды ойластырып отырмыз.

1. Жеке жұмыс.

Бейнежазбамен танысып, туған жердің, табиғаттың бала Абайдың болашағына, шығармашылығына қандай әсері болғанын түсін.

2. Топпен жұмыс.

«Адамдарға құрмет – бақыт кілті» тақырыбындағы жобамен жұмыс.

Жобаның мақсаты: өзін және айналасындағы адамдарды құрметтеуді қалыптастыруға үйрету.

Өзіндік зерттеу де өзіндік жұмысқа жатады. Өздігінен пайымдау жасап, зерттеп, зерделеу логикалық ойлаумен тығыз байланысты. Нақты нені анықтау, негізгі ойды жеткізу дағдыларына машықтанады. Бұл бейнеролик жасауда да маңызды дағды. Бейнеролик жасау бастауыш сыныптан информатика пәнін оқыған оқушыға қиындық тудырмайды.

*«Сүйікті Отаным» тақырыбында бейнеролик жаса.*

Әлеуметтік желіде сауатты әрі белсенді жұмыс істеуге баулу – ұстаз еңбегінің жауапты бөлігі. Челлендж, зияткерлік эстафеталары т.т. тәсілдері – дұрыс жұмыс істеуге бағдар. Атап айтсақ, төмендегідей тапсырмалар:

АРМАН-ПВ баспасы

– Алғашқы ұстаз Ы.Алтынсариннның өлеңін Microsoft Word программасында теріп жазып, Whatsapp мессенджері арқылы өлеңді достарыңа тарат.
– Whatsapp желісіндегі аккаунтты қалай құруға болатыны, қандай мүмкіндіктері бар екенін тәжірибе жүзінде анықтап, алгоритмін жаз. Медиасауаттылықты да ескер.
– Бірлесіп аккаунтты құру туралы таныстырылым немесе видео жасаңдар.

Оқушының бойында іскерлік қабілет қалыптасуына ықпал ететін өзіндік тапсырмалардың бірі – бизнес әлемі немесе іскер тұлғалар туралы ақпараттармен жұмыс. Оқулықта Уоррен Баффет туралы тапсырма берілген. Мұғалім оны өзі қалаған тұлғамен ауыстыруына болады. Мысалы: Сингапурдың мемлекет қайраткері және тұңғыш премьер-министрі, Сингапурдың экономикалық жетістіктерінің авторы және орындаушысы Ли Куан Ю туралы ізденіс тапсырмасы. Ондай тұлғалар өмірімен танысу өз қадамдарын жоспарлауға үлгі болары анық.

Айдарларды сабақта ұтымды пайдалану барысында төмендегідей болжам жасадық:
– оқушылардың пәнге қызығушылығы артады;
– оқыту үдерісіне барлық оқушылар қамтылуына жол ашылады;
– оқушы дарыны мен шығармашылығын жетілдіруге мүмкіндік болып табылады;
– оқушылар бойында іскерлік дағдылары қалыптасады;
– түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтап, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға үйренеді;
– білім сапасы көтеріледі.

Оқушыны жаһандық өзгерістерге бейімдеу және оның құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Оқушыға қойылатын мектептегі талап пен өмірлік талаптарды ұштастыру, проблеманың  шешімін табу немесе өзін, эмоцияларын (өз әрекетіне мақсат қоя білу, оны жүзеге асыруға қажетті жағдайды анықтау, оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыруды) басқару құзыреттілігін, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуына барынша жағдай тудыру – күн тәртібіндегі маңызды мәселе.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұсынылған тапсырмалар оқушының қызығушылығын үстесе, мұғалімнің сынып оқушыларының қабілеттерін зерделеп, дамытуына зор көмек. Бұл орайда «Қызықты ақпарат» айдарының да атқарар рөлі, ынталандыру мен қызығушылықты үстеу бағытындағы психологиялық қолдау көзі болып табылатыны айқын. Кері байланыс, сабақ соңында өзіне ұнаған маңызды ақпарат туралы ой бөлісу айдары «Біліміңді тексер» – мұғалім үшін де, оқушы үшін де маңызды көмек көзі болып табылады деп есептейміз.

Айдарлар – білімді меңгерту алгоритмі десек, баланы жүйелі жұмыс жасауға үйрету ісіңізге шығармашылық пен сәттілік тілейміз, әріптестер!

АРМАН-ПВ баспасы

**№3 қосымша.**

**«Өзіңді құрметтеу – өзгені құрметтеу» психологиялық картасы**

Өзіңді құрметтеу – өзгені құрметтеу (психологиялық карта)

Оқушының аты-жөні: ____________________________________________

_______________________________________________________________

Өз бойыңда қандай жақсы қасиеттер бар деп ойлайсың?

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

Отбасыңда сыйлау, құрметтеу туралы туралы не айтылады?

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

Сен оны үнемі есте ұстайсың ба?

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

Сыныптағы достарыңды қандай қабілет, қасиеттері үшін құрметтейсің?

Сабақ кезінде достарыңмен қарым-қатынасың қандай?

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

Сен оларға қиын жағдайда қолдау көрсете аласың ба?

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

Сыныпта сыйлымын деп ойлайсың ба?

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

Егер керісінше болса, қандай себебі бар деп ойлайсың?

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

Күні «____»________20__ж.

АРМАН-ПВ баспасы

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 68-қосымша.
4. 5-11-сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсын әзірлеу – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 400 б.
5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша педагогтерге арналған нұсқаулық. – Астана: Ы.Алтынсарин ат. ҰБА, 2022 – 339 б.
6. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы.
7. Ахтаева С.М., Қалдыбаев М.М., Алимжанова А.М. Жаһандану жағдайында Қазақстан дамуының басымдықтары: жаңа көкжиектер. – Семей: 2009, 123–126-бет.
8. Алтынбасов Б.О., Жангалиев Н. Жаһандану кезіндегі мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері. – Алматы: 2013, 87–91-бет.
9. Андиржинова Г.А. Актуальное проблемы государство и права в эпоху глобализации – Алматы: 2013, 420–423 стр.
10. Альханов К.Б. Жаһандану кезеңіндегі мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары – Алматы: 2013, 234–238-бет.
11. Андиржанов Г.А., Ошағанова С. Жаһандану жағдайындағы мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері – Алматы: 2013, 420–423-бет.
12. Ақаев А.М. Жаһандану кезеңіндегі мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері – Алматы: 2014, 77–80-бет.
13. Айтхожин К.К. Суд биев как величайшая социально политическая ценность казахского народа – Алматы: 2014, 50–55-бет.
14. Қозыбаев М. «Ежелгі бірлікті аңсаған» // Қазақтың ата заңдары – Алматы: 2003, 254 бет.
15. Әбенбаев С.Ш. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» – Алматы: Дарын, 2004, – 152 бет.
16. Нүсіпоқасұлы А., Жапарұлы Ә. «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін: Халықтық дәстүр тәрбиесі» – Алматы: «Өнер», 2011, – 140 б.
17. «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту бойынша оқу құралы / «Атамекен» ҰКП – Астана: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2018, – 250 б.
18. Мырзахметов О.Б., Каршалов М.Б. Тіршілік қауіпсіздік негіздері: дәрістер курсы. – Қостанай: ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2019, – 131 б.

АРМАН-ПВ баспасы

# МАЗМҰНЫ

**Алғы сөз** ... 5
**Сабақтардың тақырыптық бөлінісі** ... 6
**Қысқамерзімді сабақ жоспарының үлгілері** ... 7
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 1-сабақ ... 7
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 2-сабақ ... 9
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 3-сабақ ... 11
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 4-сабақ ... 14
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 5-сабақ ... 16
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 6-сабақ ... 18
Қысқа мерзімді сабақ жоспары. 7-сабақ ... 20
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 8-сабақ ... 22
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 9-сабақ ... 24
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 10-сабақ ... 26
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 11-сабақ ... 29
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 12-сабақ ... 31
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 13-сабақ ... 33
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 14-сабақ ... 36
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 15-сабақ ... 38
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 16-сабақ ... 39
Қысқамерзімді сабақ жоспары. 17-сабақ ... 41
**Қосымшалар** ... 43
**Ұзақмерзімді жоспар** ... 45
**Ізденіс пен шеберлік алаңы** ... 46
**Пайдаланылған әдебиеттер** ... 56

АРМАН-ПВ баспасы

*Оқу-әдістемелік құрал*

**Елшибаева Калима Закировна**
**Қасымбек Айсұлу Асылханқызы**
**Кажиева Гульнар Токаевна**
**Сулейменова Фарида Нусибалиевна**
**Ізімова Перизат Тұрсынбайқызы**

# ЖАҺАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

## Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сынып
мұғалімдеріне арналған нұсқаулық

**Бас редакторы** А.Бекболатова
**Редакторы** Ж.Кулдарова
**Техникалық редакторы** В.Бодарев
**Арт-директоры** О.Подопригора
**Көркемдеуші редакторы** Т. Давлетова
**Беттегендер** Г.Илишева, Л.Костина, Ж.Илахунова, Н.Нержанова

**Біздің мекенжайларымыз:**
Астана қ., 4-ы/а, 2-үй, 55-пәтер.
Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz
Алматы қ., Ақсай-1А ы/а, 28Б үй.
Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz
Павлодар қ., Академик Сәтбаев көшесі, 71-үй, 412-офис

**«Arman-PV baspasy» кітап дүкені**
Алматы қ., 8-ы/а, 87-үй, Тел.: +7 (727) 303-94-43

Теруге 25.10.23 берілді. Басуға 10.06.24 қол қойылды. Пішімі 60 x $90^1/_8$. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 7,5 . Таралымы 3000 дана.
«Print House GERONA» типографиясында басылған.
Алматы қ., Сәтбаев көшесі 30А/3, Х.Ерғалиев жағалауы көшесінің қиылысы, 124-офис. Тел.: (727) 250 47 40.

**Артикул 805-007-002к-24**

АРМАН-ПВ баспасы